



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНДЕГІ ҚАНТӨГІС

Кенес одағының құрамынан шыққанына 31 жыл толған Украина бұл тәуелсіздік мерекесін кәсірленген қарсы алды. Себебі мемлекеттің ресми өкілдері ескерткішке гүл шоғын қойып жатқанда Украина шығысында үлкен жарылыс болды. Оқиғаға байланысты CNN арасының тілшілері Тара Джон мен Юлия Кесаеваның «Украина Тәуелсіздік күнін зымырандық шабуылмен қарсы алды» атты мақаласы жарық көрді.



Бұл күні Украинаның шығысындағы теміржол вокзалына зымырандық шабуыл жасалып, кемінде 22 адам қаза тапты. Отырған жылдардағы мерекелер шерумен ерекшеленсе, сәрсенбегі атаулы дата Ресей басып кірген соң алты айдан кейін тойлануда. Президент Владимир Зеленский бұл күні үндеу жасап, өз сөзінде ол бостандық үшін күресуге тура келетінін айтты.

«24 ақпанда таңғы сағат 4-те жаңа халық туды, қайта туды. Жыламаған, айқайламаған, қорықпаған халық. Әр жаңа күн – берілмеуге жаңа себеп. Өйткені талай қиындықты бастан өткерген соң соңына дейін жеткізуіміз керек. Соғыс қалай аяқталады? Біз бұрын «Бейбітшілік» десек, енді «Жеңіс» деп айтуымыз керек», – деді Украина президенті.

Бұл күні елдің түкір-түкірінде украиндықтар басқыншылық басталғалы бері соғыста қаза тапқандарды еске алды. Киевте Ұлыбритания премьер-министрі Борис Джонсон да келді. Украина астанасында Зеленский мен Украинаның бірінші ханымасы Елена Зеленская қаза тапқан қорғаушыларына арналған еске алу қабырғасына барды. Ал батыстағы Львов қаласында қаза тапқан сарбаздардың отбасы мүшелері «Марс» алаңындағы мемориалдағы салтанатты шараға қатысты.

Зеленский сондай-ақ Ресей мерекесінде «инфрақұрылымға немесе мемлекеттік мекемелерге» соққы беруді, соның ішінде зымырандарды жіберуге күш салуы мүмкін екенін ескертті. Ал АҚШ үкіметі сәйесінде американдықтарға елден дереу кетуді айтып, алаңдаушылық білдірді.

Сәрсенбеге бұл күдік ақталды. Украина қорғаныс министрі Алексей Резниковтың кеңесшісі Юрий Сак CNN телеарнасына берген пікірінде Ресейдің «Украина территориясына зымырандық соққы жасағанын» айтты. «Украинаның басқа ірі қалаларында, тіпті ұрыс даласынан алыс жерлерде де жарылыстар болды», – деген Юрий Сак сәрсенбі күні Киевте кем дегенде сегіз әуе шабуылының сиренасы болғанын мәлім етті.

Сәрсенбеге Зеленский шығыс Днепропетровск облысындағы Чаплино теміржол вокзалы шабуылға ұшырап, кемінде 22 адам қаза тапса, 50 адам жараланғанын айтты. Соққыдан қаза тапқандардың арасында 11 жасар бала да бар екен. «Чаплиндегі оқиға біздің жалғыздалу қасіреті болып қалады. Қазіргі уақытта 22 адам қаза тапты, олардың бесеуі көлікте өртеніп кеткен. Үйіне зымыран түскен 11 жастағы жасөспірім қайтыс болды», – деді Зеленский.

Соғыстың алғашқы аптасында Мәскеудің Украина астанасын басып алу әрекетінің сәтсіз болғанын дәлелі ретінде Киевтің басты көшесі – Хрещатиктегі парадтың орнына қираған және тұтқиылдан алынған ресейлік әскери көліктер, оның ішінде танктер қойылды.

Тәуелсіздік күні қарсаңында көрмені Хрещатиктің тамашалаған қалың халық көрді. Кейбір балалар резервуардың тот басқан металл жақтауына көтерілсе, басқалары апатқа ұшыраған көліктермен суретке түсті. Фамилиясын жарияламауды өтінген Любовь есімді тұрғын 8 жасар ұлы Ильяға «металл сынықтары» көрмесін көрсетуге келгенін айтты. «Киевте көптеген адам соғыс туралы ұмытып кетті, сондықтан бұл жақсы еске салу деп ойлаймын», – деді Любовь. Оның айтуынша, майдан шебінде соғысып жатқан күйеуі одан астанадан 50 шақырым жердегі жазғы үйіне кетіп өткен. Бірақ ол барудан бас тартты. «Тіпті Киевте жаппай шабуыл жасалса да біз кетпейміз. Үйде арнайы авариялық сөмке, радиациялық кіім бар. Біз енді Ресейден қорықпаймыз», – деді ол. Сондай-ақ Любовь мерекені еш сезінбегенін, керісінше майдандағы күйеуі мен ағасын ойласа жүрегі ауыртынын айтқан.

Қалында Украина туын ұстаған тағы бір көрермен арнаға берген сұхбатында оны да Ресейге қарсы соғысып жатқан туыстары бар екенін жеткізген. «Менің әкем майданда, көп туысым майданда... Сондықтан ертеңгі күн өз алдына мерекесі емес, тәуелсіздікті аңсау. Өйткені бұл уақыт бұрынғы 30 жылға қарағанда өзгеше», – деді 35 жастағы Дария.

АҚШ президенті Джо Байден сәрсенбеге Украинаны «Тәуелсіздік» күнімен құттықтап, АҚШ-тың Украинаға деген жақтастығын қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектестірінін кезекті 2,98 миллиард долларлық инвестициямен растады.

«Бұл Украинаға өзін қорғауды жалғастыру үшін әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелерін, артиллерия мен оқ-дәрі, дрондарға қарсы қару мен радар ауаға мүмкіндік береді. Бүгін өткен күннің мерекесі ғана емес, сонымен бірге Украинаның егемен және тәуелсіз ел болып қала беретінінің дәлелі», – деді Байден сәрсенбегі мәлімдемесінде.

Қауіпсіздікке көмек көрсету пакетінде «VAMPIRE Counter-UAV» жүйесі және дронға қарсы қару бар. Бұл туралы қорғаныс министрінің саясат жөніндегі орынбасары Колин Кэл айтты. Сәрсенбеге әлемдік қосбасшылар да Байденге қосылып, Украинаны қолдауды жалғастыратынын айтты.

Ұлыбритания премьер-министрі Джонсон іс-сапарында Зеленскиймен кездесті. Ол Украинаға 66 миллион долларлық көмек пакеті берілетінін айтты, Украина соғыста жеңіске жете алатынын және жеңетінін жеткізді. Киевтегі кездесуде шетел басшыларының қатарында Португалия сыртқы істер министрі Жоао Гомеш Кравиньо да болды.

Ал Брюссельде Еурокомиссия төрағасы Урсула фон дер Лейеннің қатысуымен өткен шара кезінде Гранд-плас алаңында алып Украина туы көтерілді. Твиттерде Еуропалық кеңес төрағасы Чарльз Мишель «Сіздің болашақ – біздің ортақ болашақ. Сондықтан біз Украина тәуелсіздігін және ауауықтық тұтастығын қорғау үшін қолдан келгенше қолдау көрсеткіміз келеді», – деп жазды.

Киевтегі Хрещатикте CNN-ге сұхбат бергендердің көпшілігі Ресей шабуылынан қауіптенетінін айтқан. 29 жастағы Алексей «Мен мерекелік қойыл-құйыл сезінбеймін» – десе, 68 жастағы Анна «Орыстарға деген өшпенділігіміз артты», – деді. Анна жұмыс істейтін емхана оған жақын күндері қашықтан жұмыс істейтін кездері айтқан. Ол өз сөзінде соғыста да тапжылмай жұмыс істегенін, бомбалау кезінде үйіне қайтқан кездері де болғанын айтты. Сондай-ақ Анна Ресей президенті Владимир Путинді «граната ұстаған маймыл» сияқты адам деп санайтынын мәлімдеді.

6 БЕТТЕ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

Бұл – қала әкімі Асылбек Шәменовке халықпен кездесуінде «Сырдария» шағын ауданы тұрғындары тарапынан қойылған сұрақтың бірі. Президент тапсырмасына сай халықпен жиі кездесуді қолға алған қала басшысының кездесуі алдында үйлердің ауласы жиналып, тазартылғаны көпшілікті таңғалдырды. Одан бөлек, «Сырдария» шағын ауданының тұрғындары модернизация, жол қауіпсіздігі мен балалар алаңына қатысты сұрақтарын тікелей қала басшысына қоюға мүмкіндік алды.

ТАЗАЛЫҚ ХАЛЫҚ ҮШІН БЕ, ӘЛДЕ ӘКІМ ҮШІН БЕ?



Жиында айтылған мәселелердің бірі үйлердің сыртқы келбеті мен ішкі жағдайы. 2007 жылы қолданысқа берілген көпқабатты үйлердің бүгінде сыртқы сұлулығы түсіп, келбеті кеткен. Одан бөлек шатырдың да тозығы жетіп, жоғарғы қабаттағы пәтерде су кету жағдайы көбейген. Махаббат Мусаев есімді тұрғынның айтуынша, белсенді тұрғындар қол жинап, әкімдікке жүгінгенде модернизация 2024 жылға жоспарланғаны туралы жауап алған. Қала әкімі бұл мәселені ШЖҚ «Қызылорда Су жүйесі» МКК директоры Талғат Құлмағанбетовке тапсырды. Сондай-ақ тұрғын қожасы мәселесін де қозғап, тұрмыстық қалдықтар 2-3 күн алынбаған соң шашылып жататынын айтты. Бұл мәселеге байланысты «Қызылорда су жүйесі» басшысы «Техника бұзылғанда қожасы әрі кетсе 1 күн тұрып қалуы мүмкін. Басқа жағдайда барлық қалдықтар уақытылы шығарылып отырады», – деп жауап берді.


Шағын аудандағы аумақ та аз болғандықтан автотұрақ жасау мүмкін емес, бірақ ойын алаңдары қажеттігі айтылды. Бұл мәселеге байланысты қала әкімі демеушілік есебінен салынатын 50 балалар ойын алаңы тізіміне енгізуді қарастыратынын айтып, осы шағын аудандағы 7 үйдің алдында салынып жатқан балалар алаңын мысалға келтірді. Тағы бір мәселе – қараусыз иттер. Тұрғын кешкі мезгілде топтасып жүретін иттердің кесірі балаларға тимес үшін алдын алу керектігін жеткізді.

Бұл мәселеге байланысты қала әкімі: «Қаңғыбас иттер – республикалық деңгейдегі мәселе. Жаналдан қабылданған заңға байланысты иттерді атуға тыйым салынған. Заң бойынша оларды аулау, ұстауға байланысты шарттары бар. Дегенмен әлі толықтай жүйеге енгізілмеген заңға қарап отырған жоқпыз. Қауіпсіздікті реттеу мақсатында біз иттерді атпай ұстап, арнайы шараларды жүзеге асырудамыз», – деп жауап берді.

2 БЕТТЕ

COVID-19: САҚТАҢҒАН ДҰРЫС

Пандемия басталғаннан бері Қызылорда облысы бойынша коронавирус инфекциясының 25742 жағдайы анықталды. Оның ішінде 16846 жағдай ауру симптомдарымен болса, 8896 дерегі клиникалық белгілерсіз анықталды. Ал соңғы тәулікте 5 жағдай есепке алынды. Оның барлығы ауру симптомдарымен анықталды. Атап айтсақ, Қызылорда қаласында 2, Шиелі ауданында 3 жағдай тіркелді.



Қызылорда облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметінің мәліметінше, бүгінде вакцинацияның І компонентін 516812, ІІ компонентін 510970 адам өткірген. Сондай-ақ 249543 адам ревакцинациядан өтті. Коронавирус инфекциясының пандемиясы әлі аяқталған жоқ. Сондықтан вакцинация мен ревакцинацияның пайдасына дұрыс таңдау жасау керек. Бұл ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға және тұрақты эпидемиологиялық жағдайды ұстап тұруға өз септігін тигізеді дегенді маманнар. «Ақмешіт-ақпарат»

АЙМАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Бүгінге дейін қызылордалықтар электр энергиясы мәселесіне алаңдап келді. Себебі қаладағы электр жылу орталығы 50-60 жылдан бері үздіксіз жұмыс жасағандықтан, электр желілерінің де өбден тозығы жеткен. Бұл сөзсіз электр жүктемесіне салмақ салады. Өзекті мәселені өз уақытында назарға алған аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Энергетика министрлігімен тиісті жұмыстарды атқарып, бірлескен түрде оңтайлы шешім қабылдады. Нәтижесінде Сыр өліне бұрын-соңды болмаған заманауи үлгідегі қуаттылығы 240 мегаваттқа жететін электр орталығы салынбақ.



Мамыр айындағы Сыр өліне сапарында министр Болат Ақшолоақов мұндай мүмкіндік алғаш болып Қызылорда өңірінде бастау алғанын тілге тиек еткен еді. Таяуда ғана нысан құрылысын жүргізетін инвестор компания

анықталып, алғашқы жұмыстар басталса, бүгін арнайы жиында облыс басшысы инвестор түрік компаниясының өкілдерімен кездесіп, жобаның жүзеге асыру мәселелерін саралады.

2 БЕТТЕ

Әлемнің назары өзіңде, Сырдария!

Қызылорда облысының «Сырдария өзені» күніне орай халықаралық конференция өтті. Шараны АҚШ-тың «USAID» халықаралық даму жөніндегі агенттігі Қызылорда облысының әкімдігімен және Арал-Сырдария бассейндік инспекциясымен бірлесіп өткізді. Ауқымды жиын «Сырдария – достық өзені» тақырыбы аясында ұйымдастырылған мерекелік шарадан бастау алды.




Шараға «USAID» халықаралық даму жөніндегі агенттігінің өкілдері, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті төрағасының орынбасары Досбол Бекмамбетов, Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов, зиялы қауым және БАҚ өкілдері қатысты.

5 БЕТТЕ

АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

Әуезовтің «Әдебиет тарихы»

Отарлық саясаттың құрбаны болып, тілі мен ділі, мәдениеті мен әдебиеті, тарихы қағажу көрген сәтте елдігімізді сақтап, өткен тарихымызды өскелең ұрпаққа жеткізудің амалын жасаған Алаш арыстары екені белгілі. Қазақ елінің руханияты үшін күрескен олардың қайсыбір еңбегі болсын құнды жәдігер. Сондай маңызды зор, қазақ әдебиетінің тарихы зерттеп, зерделенген шығарманың бірі – классик жазушы, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» монографиясы. Бұл еңбек сонау 1927 жылы Қызылордада жарық көрген. Ұлттың руханият тарихына хабар беретін осы бір туындыны кеңестік үкімет оқытпай, таралуына қарсы болды. Тіпті түгелге дерлік жойылған. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қайта басылды. Қызыл державаның заре құты қашардай бұл нектен кітап?



Бұл дәуір қазақ мектебінде ана тілінің іргесін нығайтып, көлемдетуге айналып, жаңа жолға беттеп келе жатқан дәуірі, толық білім беру үшін, бұрынғы тапқан табысына сүйеніп, жаңа өріске бет алатын, кең жайылысқа қарай қадам басатын дәуірі, ана тілінің білім есебінде тереңдейтін дәуірі. Біздің мектеп қазіргі күнде осы міндетті мойнына алып, жаңа бір дүниенің есігін ашқалы тұрғанын түсініп отыр. Түсіну анық болғандықтан жаңалықты іздеуі мұқтажығын сезген кемтардың ізденуі сияқты, – дейді жазушы шығармасының алғы сөзінде. Ондағысы ана тілін тек бастауыш деңгейде үйретіп қана қоймай жоғары сыныпты қазақ мектебін ашып, ана тілін кеңінен білу үшін әдебиетті тереңірек зерттеп оқыту болған. Мұны қоғам қайраткерінің «Әдебиет мектеп ішіндегі оқушының ақыл, сезім тәрбиелеп, қалыптап жетілуден басқа сол оқушыға қазақ деген елдің өткендегі мен бүгіндегі пішінін танытуға керек» деген пікірінен аңғаруға болады.

3 БЕТТЕ



АЙМАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Отырысқа жаңа жылу орталығының инвесторы «Акса Энерджи» түрік компаниясының Қазақстандағы басшысы Мустафа Кемаль мен Энергетика министрінің Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығының директоры Гүлжан Қалижанқызы қатысып, тараптар арасында екіжақты келісім-шарт жасалды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген

отырысында оңтүстік өңірлерді үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында 3 жылда қуаттылығы 1000 мегаватт манерлік станциялар салуды тапсырған болатын. Жаңа нысанды салу жерлеріміз үшін айтулы жанадық десе де болады. Игілікті іске қолдау білдірген министр Болат Ақшолоқова және шетелдік «Акса Энерджи» компаниясының басшылығына Сыр жұртының атынан алғысымды білдіремін. Аймақ тарихындағы маңызды жобаның сапалы және уақытында жүзеге асырылуы үшін бар

күш-жігеріміз бен мүмкіндіктерімізді жұмсайтын боламыз, – деді облыс әкімі. Жиында түрік компаниясының Қазақстандағы басшысы Мустафа Кемаль жаңа нысан 2025 жылы ел игілігіне берілетінін жеткізді.

– Бұл жобаның Қызылорда үшін ғана емес, Қазақстанға да берері мол болады деп сенемін. Келешекте осы нысан энергикалық қауіпсіздікті сақтауға айрықша мүмкіндік береді, – деді Мустафа Кемаль.

Басқосуда ел ағалары мен энергетика саласының ардагерлері игілікті істің

алғашқы қадамына куә болып, ғасырда бір салынатын нысанды елдің несібесіне балады.

«Акса Энерджи» – мазут, табиғи газ, жел генераторлары мен су электр станцияларында электр энергиясын өндіру саласындағы әлемдік тәжірибесі мол, жетекші компанияның бірі.

Айта кетейік, жалпы құны 215 млрд теңгеден асатын жаңа нысан энергия жетіспеушілігін өлеуір төмендетеді. Бұл – Туәлсіздік алған жылдары елімізде бюджеттен тыс қаржы көздерінен, яғни шетелдік инвесторлардың қаржысына іске асырылатын ең ауқымды теңдессіз жоба.

Биыл облыс бойынша 23 әлеуметтік нысанның жылу қазандығы қайта жаңғыртылады. Осы жұмыстарға республикалық және облыстық бюджеттен 676 млн теңге бөлінді.

Басы 1-бетте

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

ТАЗАЛЫҚ ХАЛЫҚ ҮШІН БЕ, ӘЛДЕ ӘКІМ ҮШІН БЕ?

Кездесу барысында тұрғын Мария Лұқпанова шаһар басшысына Сұлтан Бейбарыс көшесімен жағалай орналасқан аллеяға орнындар орналастырып, жарық шамдарын реттеуді және арнайы баспалдақтардың жағдайын жақсартуды ұсынды. Бұл мәселеге байланысты қала әкімі назарға алынғандығын және алдағы уақытта жұмыс жасалатынын айтты.

«Сырдария» шағын ауданындағы 9 үй тұрғындары модернизацияның қымбаттылығына байланысты ағымдағы жөндеу жұмыстарын өздері жасамақ. Осы орайда тұрғындар қаражат жинап, жұмысты істейтін мамандарды да тапқан. Ал әкімдікке жүгінгенде жауаптылар арнайы техника бөлуге дайын екендігін айтқан. Осыған байланысты қранмен қамтамасыз етуді сұраған тұрғынның отінішіне байланысты қала басшысы жауапты мамандарға техника бөлуге жағдай жасауды тапсырды.

Жиында аулаға келетін аяқ су мәселесі де сөз болды. Жаз бойы тазартылмаған арықтарға әкіммен кездесуден 2-3 күн бұрын су келгені, түбіндегі қоқыс бетіне шығып жатқаны ашық айтылды. Бұл сұраққа байланысты қала әкімі ең алдымен негізінен су ташылығы мәселесі барын назарға салып, дегенмен әр аумаққа аяқ су жеткізу үшін жағдай жасалып жатқанын жеткізді. Ал «Small» супермаркеті алдындағы жаяу жүргіншілер жолағының түнде жарық шамы жанбауы, көлік қатты жүретіндіктен қауіп көп екеніне байланысты мәселеге Асылбек Шәменов қалалық полиция басқармасы басшысына бағдаршам немесе жасанды жылдамдық бәсендеткіш құрылғы қоюды қарастыруды тапсырды.

Басы 1-бетте



Қала әкімі «Универсам» аумағындағы қала тұрғындарымен кездесуін есептен емес сұрақ-жауаптан бастады. Шексіз сандар мен ақпараттан гөрі тұрғындардың уәжі мен тілегін тыңдауды құп көрген қала басшысына ең алдымен жер мәселесі туралы сұрақ қойылды.

НЕГЕ ЕРТЕГІ АЙТАСЫҢДАР?

Жеке тұрғын үй салуға ондаған жыл бойы кезекте тұрғандар қашан алатынын, неге кезек жылжымайтынын сұрады. Бұған байланысты қала әкімі қазіргі кезде Бөйтерек шағын ауданынан жер беріліп жатқандығын, дегенмен кей адамдар үй салмай жүргенін айтты. Заңдылық бойынша үш жылда жерді мақсатты пайдаланбағандардан қайтарылып алатыны, бірақ келесі бір алушы адам да құрылыс жүргізбейтіні түсіндірілді. Сондай-ақ тұрғындар мемлекеттен алған жерлерді сату мәселесіне тоқталды. «Мемлекеттен берілген жерді сатуға болмайды. Ол жерге үш жыл ішінде үй салынбайынша ол жекеге өтпей, мемлекеттен жалға берілетіні» айтқан қала әкімі Асылбек Шәменовке тұрғын «Неге осындай ертегі айтасыздар? ЦОН-ның артында бос жатқан жерлер 12-15 млн теңгеден саудаланып жатыр», – деген уәжін білдірді.

Жиында сондай-ақ «Универсамдағы» жағдай да сөз болды. Мәселен, мүгедектігі бар егде жастағы тұрғын Рабига Тәйімбетова подземе жоғары көтерілгенде ұстаынын периліна жоқтығын жеткізді. Сондай-ақ тұрғындар пәтердегі электр жүйесі де тозғанын, жиі сөніп қалатынын айтты. Бұл мәселеге байланысты қала басшысы жауапты маманға арнайы тұтқа орнатуды тапсыра, «Энергосервис» ЕЖШС басшысы Еркебулан Есенбаев жарық жөндеуінің мәлім етті.

Бұл шағын аудан тұрғындары да ауаны көркейтеу жұмыстары қала әкімімен кездесуден 2-3 күн бұрын жасалғанын алға тартып, қордаланған мәселелерді тізбектеді. Мұнда балалар алаңы жасалған, бірақ түнгі жарық шамдары жанбайды. Одан бөлек қоқыс та шашылып жататыны, оны тазарту кезінде желмен ұшатыны айтылды. Бұған

байланысты тұрғындар тазалықшы мамандарға қоқысты алып кету кезінде шашпай тазалауын сұрады. Тұрғындар мектеп бойында орналасқан Панфилов пен Бектұрғанов көшелерінде көліктер жоғары жылдамдықпен жүретіндігін де тұрғындар назарға салды. Тіпті үйлердің ауласында да көлігін қатты айдайтындар бар екен.

Қоқыс мәселесін ШЖҚ «Қызылорда Су жүйесі» МКК директоры Талғат Құлмағанбетов назарына алса, жарық шамдарын іске қосу сала басшысына тапсырылды. Ал көлік қозғалысы мәселесін қалалық полиция басқармасының басшысы зерделеп, арнайы белгі орнатылатынын айтты.

Мұндағы үйлердегі жоғарғы қабатқа су көтерілмеуден бөлек кәріз жүйесінде де мәселе бар. Қайта жөндеуден өткеннен кейін кәріз сулары дұрыс ақпай, лас су өжірелерге жиналатынын айтты. Бұл кәріз жүйесінің дұрыс көмілуімен пайда болған мәселе және оны шешуді қала басшысы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөліміне тапсырды. Кездесуде тұрғындар айтылған мәселені тыңдап қана қоймай жұмыс жүргізу керектігін жеткізді.

– Әр мәселе шешілуі керек. Дегенмен кей істе бюджеттік қордес, ақша бөлуі секілді мәселе болуы мүмкін. Кездесуде сала басшылары, мәслихат депутаттары келіп отыр. Басшылар жұмыс істейді, халық қалаушылары бақылайды. Дегенмен істелген жұмысты тұрғындардың тиімді пайдалануы, бақылау ұстауы маңызды. Біз алдағы уақытта да сіздермен жиі кездесеміз. Ол кезде де мәселелер тыңдалады. Істелген жұмысқа ұқыптылық, тазалықты тұрғындар да қамтамасыз етсе дейміз. Бірігіп жұмыс істесек, әр мәселе шешімін табатынын анық, – деп түйінделі сөзін қала әкімі.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚАШАН КЕЛЕДІ?

Жергілікті қала тұрғындарымен кездесу Батырхан Шөкенов саябағында жалғасын тапты. Оған қала әкімі Асылбек Шәменовпен бірге қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев, қалалық мәслихат депутаты Ерлан Мұсаев қатысты.

Кездесуге қаланың өзге аймақтарынан да тұрғындар келді. Жиында айтылған мәселені қай-қайсысы да қорғасындай салмағы бар. Халықтың көңіл түкпіріндегі түйінді түйткілдерін тыңдауға әзір екенін жеткізген қала әкімі айтылған ұсыныс, жолданған сауал жауабынсыз қалмайтынын ашып айтты.

– Қазір ешкімнің бос уақыты жоқ екенін жақсы түсінемін. Отбасы тіршілігі мен жұмыс бабы деп зыр жүгіріп жүрісіздер. Ал кездесуге алтын уақытын киіп, айтатын уәждері болғанын келеді. Айтқан мәселе тыңдалған жерде қалса жиынның қадірі қанша? Бұл кездесудің басты мақсаты – сіздермен ашық әңгімелесіп, ойларыңызды білу, – деді қала әкімі өз сөзінде.

Сұрақ-жауап форматында өткен жиында тұрғындар ауыз су сапасы мен аяқ су жетіспеушілігін баса атап өтті. Сонымен қатар қаңғыбас итердің көбейіп кеткендігі, қоғамдық көліктің уақытылы жүрмеуі секілді күрмеулі мәселелер көпшілік сұранысын тудырды. Тоғыз қабатты тұрғын үй тұрғындары жедел саты орнатылса деген ұсыныс білдірді.

Жедел сатыға байланысты қала әкімі тұрғындардың келісімі қажет екенін айттып, мемлекеттік тапсырыс негізінде іске асатынын жеткізді. Қаңғыбас итерге байланысты арнайы заң қаралатынын айтты.

– Қала көлемінде ауқымды шаруалар атқарылды. Барлық салада серпін бар. Оны экономикалық көрсеткіштердің өсімінен байқауға болады. Әлеуметтік әлеуеті де айтарлықтай артып, тұрмыс-тіршілік түзеле бастады. «Жас келсе іске» деген даналық сөз бар. Сізден халқыңыз көп жұмыс күтеді. Елдің ойын қозғарсынан білесіз деп есептеймін. Сізбен кездесуге қоғамдық көлікпен келдім. Жарты сағатқа жуық күткен шығармын. Арақашықтығы аламды жалықтырып жібереді. Жаңа оқу жылы да басталуға жақын. Онан кейін қыр астында жасырынып қыс тұр. Оқушылар маршрут күтіп сабақтарынан кешігіп қалса кім кінәлі? Қалаға келеді деген қоғамдық көлік қашан болады? – деді зейнеткер Ниязбек Мұханжанов.

– Облыс әкімінің тікелей қолдауымен үлкен сыйымдылықтағы жаңа 150 дана автобус алыныпты болды. Бұл – қоғамдық көліктің жүру кестесін қайта бекітіп, жол жүру жиілігін жақындатады. Осылайша сіздер айттып жатқан қоғамдық көлік қатынасы жақсарды. Ол шетелден келетіндіктен құжаттарына байланысты сәл кешіктірілуде. Дегенмен қыркүйек-қазан айында толық келіп болады. Бұл аймақ басшысының тікелей бақылауында, – деді қала әкімі.

Кездесу соңында шаһар басшысы көтерілген мәселелерді шешу үшін тиісті мекемелерге тапсырма беріп, барлығын өз бақылауына алатынын, сондай-ақ ел игілігі үшін жасалған және алда жасалатын жұмыстарға тұрғындар тарапынан да жанашырлық болуы қажеттігін атап өтті.

БҰҚАРА БАЗЫНАСЫ ОРЫНДАУЛЫ ТИІС

Қала әкімі Асылбек Шәменов кездесу кестесіне сәйкес «Шұғыла» шағын ауданында жұртшылықпен жүздесіп, тұрғындардың түйткілі мәселелерін тыңдады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес сіздермен кездесуге келіп тұрмын. Қандай да бір ұсыныстарыңыз болса, тыңдауға әзірмін. Бұған дейін бір мәрте жолығып, айтылған ескертпе-ұсыныс, тілектеріңіз бойынша қазіргі таңда жоспарлау жүргізілуде. Бұқара базынасы билік тарапынан бірінші кезекте орындалады, – деді қала әкімі.

Бұл шағын ауданда тұратын тұрғындардың басым бөлігі жер кезегі, тұрғын үй алу, жол, жарық секілді мәселе көтерді. Қала әкімі өзекті мәселелерді сарапта салып, дер кезінде шешілу жолдарын қарастыру керектігін айтты.

– Осы «Шұғыла» шағын ауданының тұрғынымын. Өткен жылы №2 тұрғын үй маңында жаяу жүргіншілер жолы жөнделеді. Құрылыс алаңында қалған кейбір қоқыстар әлі күнге алынбай келеді. Тіптен үстінен шөп те шығып кетті. Ойын балалары бір-біріне лақтырып, жазым бола ма деп қорқамын. Одан қала берді өткен-кеткен адамның жүруіне кедергісіз келтіруде. Сол маңды тазалап берсеңіздер. Тағы бір айта кететін жағдай, көпқабатты тұрғын үйлердің өңірлерінде жарық болатын. Соның

сымы қиылып, алаңсыз іске жарамсыз болып қалды. Осыны ретке келтіріп берсеңіз, – деді қала тұрғыны Майра Алтынбекқызы.

Тұрғын сауалын зейін қойып тыңдаған қала басшысы бірінші сұрағына байланысты үш күн ішінде орындалатынын жеткізді. Екінші мәселесіне орай арнайы бөлімге қатан тапсырылып, оның орындалуы өз бақылауында болатынын айтты.

– Бәріңіз білесіздер Қызылорда қаласы – біріншіден, облыс орталығы. Барлық аудан орталықтары осында қарап бой түзейді. Сондықтан қаланың кез келген шағын ауданындағы мәселе біз үшін кезек күттірмес түйткіл. Ал түйткілдің түйінін тарту – біздің басты мақсатымыз. Сіздермен де сол мақсатта жолығып тұрмыз. Халықпен бірге атқарар шаруа ұшан-теңіз. Өріне, жасалған жұмыс та аз емес, дегенмен атқарылар кешенді шаруалар да көп. Өзектілігіне қарай сараптап жұмыс жүргіземіз. Бұл – Жаңа Қазақстанның бүгінгі бағыты. Бұдан былай өр тоқсан сайын халықпен тұрақты түрде кездесіп отырамын, – деді қала әкімі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
Аслан НУРАЗҒАЛИ

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БІРІНШІ ОРЫНДА ТҰРУЫ КЕРЕК

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің тұрғындармен кезекті кездесуі ел аузында «Шанхай» аталып кеткен шағын ауданда жалғасты. №222 орта мектеп ауласында өткен кездесуде тұрғындар түйткілді мәселелерін айтса, сала басшылары оны шешу үшін жұмыс істелетінін жеткізді. Бұрынғы мәдениет үйіне жиналып, есеп-қисаппен өтетін жиыннан гөрі халықпен еркін тілдесетін жаңа форматтың жақсы екені де сөз болды.

Кездесуде «шанхайлық» тұрғындар мектеп ауласына салынған ойын алаңына алғыс білдіріп, дегенмен бұл азық етегінің сөз етті. Алаңды жарық шамдарымен қамтамасыз етуді қарастыруды сұрап, мүмкіндік болса тағы да бір ойын алаңын салуды ұсынды. Бұл мәселеге байланысты шаһар басшысы: «Әлем құрылыс» серіктестігі демеушілік етіп, мына ойын алаңы салынды. Дегенмен «Шанхай» үлкен аумақ. Сондықтан 50 балалар алаңы есебінен тағы да біреуін салуды қарастырамыз», – деді.

Пірімов, Медетбаев пен Свобода көшелерінде жарық шамдары жоқ. Қысқы мезгілде сабақтан қайтқан балаларға қиын. Аталған мәселені қала басшысы назарға алып, жұмыс жасайтынын мәлім етті және жауапты мамандарға тапсырды. Одан бөлек бұл жиында көтерілген басты мәселенің бірі – қоғамдық көлік. Бұл шағын ауданда бір ғана автобус келеді, аралық интервал уақыты да ұзақ. Балалар мектепке уақытылы жете алмай, кешкі мезгілде жаяу қатынауда мөжбүр. Аталған мәселеге қала әкімі «Біз қазір қалаға 150 автобус алып келу жұмыстарын жасап жатырмыз. Тапсырыс берілді, енді жеткізу жағынан аздап қиындықтар бар. Жаңа қоғамдық көліктер келгенде бағыттарға шығатын автобус санын көбейтуді, жаңа бағыттарды

қосуды жоспарлап отырмыз. Алайда 150 автобус келгенше күтіп отыра алмаймыз. Сондықтан оқу жылы басталғанда автобус санын көбейту үшін жұмыс жасаймыз, жеке қоғамдық көліктерге ұсыныс береміз», – деп жауап беріп, тұрғындарды бір қуантты.

Кездесуге келген зейнеткер тұрғын С.Лапин тұйығындағы үйлердің мәселесін көтерді. 10 шақты үйі бар бұл көшеде электрэнергиясы мен ауыз су мәселесі қордаланған. Мұндағы үйлер жарық өткізу үшін тоқты көрші көшеден тартқан. Ол тоқ күшін азайтады екен. Ал ауыз су құбырларының жаңартылмағанына біраз жыл болған. Үйлерге су шойын құбырдан келетіндіктен жазғы мезгілде күші азаяды, көбінесе темір құбырлар жарылып кетеді екен. Аталған мәселені қала әкімі электр-энергия және су мамандарына ертерек реттеуді тапсырды.

«Шанхай» шағын ауданында балалар қауіпсіздігіне де байланысты мәселелер бар. Мәселен, әл-Фараби көшесінен шыға берістен жаяу жүргінші жолы мен арнайы жол белгілері қажет. Сонымен қатар Қызылжарма каналынан өтетін көпірде жаяу жүргіншілер жолы да жоқ. Бұл аумаққа балалар ойын алаңы да қажет. Қала әкімі балалардың қауіпсіздігі бірінші орында екенін тілге тиек етіп, мәселе шешілетінін айтты.

«Ақмешіт» мөлтек ауданында өткен қала әкімінің тұрғындармен кездесуінде ұсыныс-пікірмен қатар шағым да айтылды. Кәріз жүйесі тозып, лас су өжіресіне жиналған үй тұрғыны иіс пен масадан көз ашпайтынын, жауаптылар бірде-бір рет келмегенін жеткізді. Ауладағы балалар алаңының тозығы жеткені де сөз болды.

КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ РЕТТЕЛЕДІ

– Біздің тұрғындардың тұрғын үй коммуналдық шаруашылыққа байланысты айтар шағымы көп. Ең алдымен кәріз жүйесін реттеу керек. Лас судың барлығы өжіреге жиналып, маса мен сасық иістен көз ашпаймыз. ҚСҚ-ның басшысына айттық, бірақ келмеді. Амалсыз өзіміз ақша жинап, жөндедік. Дегенмен басқа үйдің тұрғындарының кейбірі ақша жинамайды, басқа да мәселесі бар. Сол себептен мәселе шешілмей тұр. Одан бөлек балалар алаңының да тозығы жеткен. Аулада көлік қаптап тұр. Ал балалар ойын алаңы азық етеді. Сосын – тазалық. Аулада тазалық жоқ. Қоқыс екі күн бойы жиналмай тұрды. Тек сіздер келетін кезде трактор келіп, тазартып кетті», – деп шағымданды 21-ші үйдің тұрғыны.

Аталған мәселеге байланысты қала әкімі «Енді солай болып тұр. «Жинаңдар» деп күнде айтамыз. Енді тазалықты күнде жасау үшін күнде аралап тұратын болдым ғой. Кездесуде көтерілген мәселе аяқсыз қалмайды. Арнайы тіркеліп, хаттамаға бекітіледі. Жауапты мамандарға мәселені шешуді тапсырамыз, жұмыс істейміз», – деп жауап берді. Ал 21-ші үйдігі кәріз

жүйесінің мәселесін шаһар басшысы ШЖҚ «Қызылорда Су жүйесі» МКК директоры Талғат Құлмағанбетовке тапсырып, жұмысты бүгіннен бастау керектігін айтты.

Тұрғындар жылу жүйесін жаңғырту мәселесі мен балалар ойын алаңының сапасы, жетіспеушілігі туралы да сөз қозғады. Шаһар басшысы әр үйге тұрғындар жауап беретінін түсіндіріп, тұрғындардан қаражат жиналса, жыл құбырларын ауыстырып беруге дайын екенін айтты. Балалар алаңы мәселесін шешу үшін де жұмыс істелетінін жеткізді.

Мөлтек аудандағы жатақхана тұрғыны «Бізге үй апаттық жағдайда, бұзылады деп айтты. Осының ақ-қарасын анықтап берсеңіз. Сонымен қатар біздің үйде де кәріз жүйесінің тозығы жеткен», – деген сұрағына қала әкімі үй бұзылмайтыны, ал канализацияны реттеу үшін жұмыс істелетінін мәлімдеді. Сонымен қатар тұрғындар №136 мектеп аумағында монша барын, ол көмірмен жағып, ауаны ластайтынын айтты. Сондай-ақ сол жерге бассейн салынатыны туралы естігенін жеткізді. Бұл мәселеге байланысты қала әкімі арнайы барып тексеретінін жеткізді.

МОНОГРАФИЯ НЕ ТУРАЛЫ?

Осылайша қазақ жастарына әдебиетімізді танытуды көздеп, сол арқылы халқымыздың тыныс-тіршілігін ұғыну, салт санасын, әдет-ғұрпын тану, әдебиет пен тарихтың қазақ жұртының өмір иірімдерімен байланысын зерделей отырып «Әдебиет тарихы» монографиясы жазылады. Жазушы бұл зерттеуінде тек таза қазақ халқының әдебиетінің пайда болуын зерттейді. Бұл монографияда шығыс ғұламаларының, өзге ел ақын-жазушыларының шығармасы кірістірілмейді. Сондай-ақ көбіне Абай дәуірінен бастау алатын әдебиетті емес ауыздан ауызға мұра боп жеткен ауыз әдебиетінен бастайды.

Жалпы «Әдебиет тарихы» зерттеу еңбегінің міндетін жазушы былай деп түсіндіреді: «Бір жұрттың тіліндегі ауызша, жазба әдебиеттің ішінен үлгілі болған белгілерін бөліп шығару. Ол белгілер сол елдің әдебиет жолындағы жаңа сөзі болу керек. Әдебиет тарихы белгілі дәуірлерді, мезгілдерді бөліп шығарады. Халықтың әдебиеті алғашқы шыққаннан бастап, белгілі бір кезеңге жеткенге дейін тарихтың ішіне кіру керек. Әр мезгілдің үлгісі қандай, неден туды, басқа өмірмен қандай тарихи байланысы бар, сол айтылуы керек. Әдебиет тарихы әр мезгілдегі себептерді, шарттарды тереңі. Мәселен, белгілі ақынның өлеңіндегі мағына мен түрдің сыртқы өмірмен қандай байланысы барын айырады: ақынның өз өмірі, өз тіршілігімен байланысқан сыртқы салдар, себептер болса, сол теріледі, әдебиет тарихы ауызша әдебиеттің жұрнақтарынан сыртқы түрін, ішкі мағыналарын көріп, соларды туғызған себептерді айтады, әдебиет жұрнақтары мен соны жазған кісілерін қарастыра келіп, бір жұрттың әдебиетіне солардың қандайлық бағасы барын айтады.

Жазушы өз еңбегінің міндетін, қолданатын жолын нақтылай келе халқымыздың ескі кезеңдегі өмір сүру дәуірін де қарастырады. Онда ол қазақ халқының ескі жолын екі кезеңге бөледі. Бірі – ислам діні кірген соңғы дәуір болса, екіншісін одан арғы ескі заман деген. Қазақтың ескі кезеңдегі өмір салты бізге жеткен өлең, жырлардан көрініс табатынын айтады. Егер сол бойынша саралайтын болсақ, онда жұртымыздың аспан мен отқа табынуы, бақсы, жын, пері, жезтырнақ дегенге сенуі көрініс табады. Осындай наным-сеніммен еліміз ислам діні келгенше өмір сүргені айтылады. Ал соңғы дәуір ескіліктің жұрнағын түбімен жойып, тіпті халықтың жар-жар, беташар сынды салт өлеңдері мұсылмандықтың сүзгісінен өтіп, жұрттың жанына жақын болғандықтан ғана осы күнге жетті деген ойын айтады. Әйтпесе, ислам кезеңіне дейінгі жұртымызда мұндай салттық өлең, жырлар көп болған деседі. Мәселен, барша түрік жұртының ортақ мейрамы – наурызға арналған өлеңдер бізге жетпей жоғалып кеткендігі сөз болады. Яғни мұсылманшылықтың ескіліктен күресінің мықтылығы сондай жыл өткен сайын ескілікті еске түсіретін дүниелер жойылып барады деген пікірін білдіреді. Енді ислам діні келіп, халқымыз тағы бір белестен өткен соң әдебиетті ескі заманнан бастаудың қиындығын, сондықтан бергі заманның әдебиетін зерделей отырып, көненің көзін табуға болатынын жазушы шығармасында нақтылай түседі.

«Әдебиет тарихы» монографиясын Мұхтар Әуезов 7 бөлімге бөлген. Оның бірінші бөлімі «Сыршылық салт өлеңдері» деп аталған. Сыршылық салт өлеңдердің өзін жалпақ елдің салтымен байланысқан шер өлеңдер (жөктау, естірту, қоштасу, көңіл айту), дін ұғымынан туған өлеңдер және қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдер деп 3-ке бөледі. Осы аталған 3 бағыт бойынша әрбір салт өлеңге жеке тоқталып, қолданылатын орнын, айтылатын жерін мысалымен келтіреді. Ал екінші бөлімінде

батырлар әңгімесі, үшіншіде ел поэмалары, төртте тарихи өлеңдер, бесіншіде ертегі, алтыда айтыс, жетінші бөлімде зар заман ақындары туралы айтылады.

Жазушы әр бөлімнің тақырыбы бойынша оның тарихын ашуға тырысады. Осылайша қазақ жұртының басынан кешкенін әдебиет арқылы көрсетіп, төл әдебиетіміздің тарихын келер ұрпаққа танытпақ болды. Өкінішке орай, монография Кеңес заманында теріс ағымды насихаттаушы шығарма ретінде танылды. Сол себепті бұл шығарманы архив қойнауына жіберді.

«ТҮТҚЫНДАЛҒАН» ТУЫНДЫ

Әдебиеттанушы ғалым, профессор Рымғали Нұрғалиұлы – Алаш арыстары мен Әуезов шығармаларын зерттеген ғалымның бірі. Оның 1997 жылы 25 бет-

ұранының көркемсөздегі көріністерін нақты шығармаларды айқын саралап талдау арқылы көрсетіп берді. Өкінішке орай, 50-60 жыл бойы әдебиетіміздегі отаршылдыққа, басқаға басыбайлы құл болуға қарсылыққа құрылған жігерлі, өр, қайсар аға туралы айтуға тыйым салынып келді. Тіпті тәуелсіздіктен айырылуы мадақтаған шығармалар пайда болып, солар дәріптеліп, қолпашталып жатты, – делінген ғалымның жазбасында.

Отарлау саясаты туралы зерттеу еңбектің IV және VII бөлімінде айтылады. «Тарихи өлеңдер» деп аталатын төртінші бөлімде шөлді даланың жайын қуаты секілді жүрген қазақ елінің тосқауылға ілініп, белгісіздік кезеңіне тап болғаны, елді орысқа бағындыруға зорлаған себептері, асаудың жуасып, алыптың басылып, ноктаға бас игені сөз болады. Жан-жақтан көрсетілген қысым, елді біріктіремі деген Абылай хан тілегінің орындалмауы,



тік «Әуезов және Алаш» атты еңбегі жарыққа шығады. Осы кітабында ғалым Әуезов шығармаларына арнайы тоқталып, әрқайсысын жеке саралайды. Осы тұста М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» туралы:

– Жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында әділет өбден бұзылып, билікті қолға мықтап алған Сталин және оның төңірегіндегілер, олардың жер-жердегі сойылғарлары ұлттық мәдениетті қудалап, көрнекті қайраткерлерді абақтыға жаба бастады. Осы тұста көптеген кітаптар да «тұтқындалып», ұзақ жылдар бойы абақтыға қамалды. Сол еңбектің бірі – М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы». Автор Лениндік сыйлық алып, дүниежүзілік даңққа ие болса да, бұл еңбегі көзі тірісінде басылған жоқ. Тіпті аталмай да келді, – дейді ол.

Иә, отарлау кезеңінде халқымыздың бастан кешкені тарих беттерінен белгілі. Қазақты өркениетке қарай қадам бастырып, көзін ашып, көкірегін оятамын деген ұлт қаймақтарының көрген қиындығы қаншама. Осынша азап көрсе де елінің ертені үшін қам жеген арыстарымыз келер ұрпаққа мұра болар шығармаларын жазуды тоқтатқан жоқ.

М.Әуезовтың зерттеу еңбегінің қудалауға ұшырап, жарыққа шықпай жатып жойылуының себебін ғалым Р.Нұрғалиұлы отарлау саясаты туралы айтылуынан дейді.

– «Әдебиет тарихында» мезгілінде объективті ғылыми тұрғыдан айтылған терең тұжырымдар қатарына қазақ елінің отарлануы, өз тәуелсіздігінен айырылуы, осыдан туған кесепаттардың әдебиеттегі көріністері туралы байлам-пайымдауларын жатқызу керек. Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселелеріне келгенде автордың исламға дейінгі және исламнан кейінгі әдебиет деп ұзақ тарихты екі орасан үлкен кезеңге бөліп қарауында ғылыми негіз жатыр. Кітапта ерекше ықтиятпен талданған проблема – «Зар заман» дәуірінің әдебиеті. Шортанбай өлеңінен алынған ояларды пайдалана отырып, Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетіндегі ең ұлы сарын – елдік, тәуелсіздік, азаматтық, бостандық

қазақтың өз әкімдері кетіп, үкімет қолымен сайлаған ұлықтар отырған соң патша үкіметінің күшейіп, елді ұсынан шығармай, бағындыру саясатын қарқынды жүргізуі сөз болады.

Ал «Зар заман ақындары» аталған VII тарауда жазушы былай дейді: «Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ірі ақындардың барлық күйі, сарынын бір араға тұтастырғандай жынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман» ақындары деген ат қойды. Бұл ақындардың дәуірі жоғарыда айтқан тарихи дәуірді туғызған дәуір. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады.

Жазушы «Зар заман ақындары заман жайын ел өмірінің ұсақ белгісінен бастаса да, аяғында келіп тірелетіні баяғы ескі түйін. Заманның зарын айтып, күңіреніп келгенде сол қайғыға салып отырған себепті іздесе, ол орыс үкіметінің билігі болып шығады» деп отарлық саясат туралы ашық айтады.

– М.Әуезовтің «Әдебиет тарихында» Асан Қайғыдан басталып, Бұқар арқылы өрлеп, Махамбет, Мұраттар тұсында дамып, Шортанбай кезінде шығандап шырқаған азаттық рухты поэзияның әлеуметтік, саяси, ұлттық, эстетикалық арна-негіздері, мағына-мәні тамаша ашылып берілген. Исатай-Махамбет, Сырым Датұлы, Кенесары-Наурызбай қозғалыстарының түп мәнісін, негізгі өзегін Мұхтар Әуезов бір қазыққа байлайды, ол – отаршылдыққа қарсылық, табанға түсіп, мәнгүрт болмаймын деп шапшу, құрылған зеңбірек, октаулы мылтыққа



қарсы тұру, бір сөзбен азаттық, тәуелсіздік ұраны, – деп түсіндіреді ғалым Рымғали Нұрғалиұлы «Әуезов және Алаш» кітабында.

сақтаған адамдар сотталып, жауапқа тартылып, түрмеге қамалып, атылып кеткендері де аз емес. Бұл монографияда солай түгел жойылып кеткен екен. Тіпті жазушының өзінде де бір данасы қалмаған.

Осы орайда ғалым Әлжаппар Әбішевтің айтқан мына бір естелігін келтіреді:

«Аумалы-төкпелі қиын белестерде аман қалудың өзі үлкен олжаға айналған шақтарда, кісі көлекесінен қорқатын екі-үш уақыттарда үлкен ағалардың арасында күрен қабақ, қырбай, араздық қана емес, шатынап сынардай, жауласуға айналып кететіндей сәттер болғанын жасыруға келмейді. Сондай ауыр тұстардың бірінде ойға кеткен іні аралары суысып, ажырап бара жатқан екі ағаны оңаша ғана шақырып, татуластыруға ниет етеді. Екі алып көп ырғасады, бірін-бірі алдырмай, бейне жекпе-жекке шыққан батырлардай шайқасады. Әсіресе, Мұхтар айтқан дәлел, дәйек, уәж салмақ баса береді. Әбден кетісердей, мүлде жауығардай боп шырығып алған кезде, Ғабит: «Мен егер ер болсам, мына кітапты сенің ішіңнен шыққан перзентіңнің жалғыз данасын ширек ғасыр бойы сақтап жүрер ме едім» деп ортаға кітапты тастай салғанда, Мұхтар бас салып: «Пәлі, мынау не дейді-ау, рас айтады. «Әдебиет тарихы» өлді санаған бір перзентім, ел әдебиетіне деген алғашқы жастық махаббаттан туған перзентім еді. Бір данасын таба алмай ширек ғасыр дал болғаным рас. Кештім, кешірдім бәрін. Сендім, саған енді сендім, Ғабит» деп төс қағыстырып, татуласып тарасқан екен». («Әуезов және алаш» Р.Нұрғали)


Иә, қилы заманның етті қиындығын бастан кешірген қазақ ақын-жазушыларының өмірі бір тарих. Алауыздық салдарынан бір-біріне өкпе реніш артып, сенімсіздік ұяласа да ұлтқа, әдебиетке деген адалдық осылай көрініс тауыпты. Жоғарыда аталған зерттеу еңбектің жазушының көзі тірісінде қайта басылып шықпағанын айтық. Оған дейін солақай саясаттың салқыны тимесін деп көздің қарашығындай сақталған мұра тек 1991 жылы, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана толық күйінде жеке кітап болып басылды.

Әуезовті зерттеуші ғалымдар бұл еңбек жазылғаннан кейін жазушының эстетикалық көзқарасы сан алуан өзгеріске түсіп, дамып, кемелдене түскенін айтады. Соның арқасында әдебиеттану ғылымы тереңдеп, жаңа бағыттар пайда болып, көптеген зерттеулер, диссертациялар жазылған. Жазушының өзі осы еңбегінен кейін де қадау-қадау шығармаларды дүниеге әкелді. Қайсыбір туындысы болсын заман ағымын бейнелегендіктен талай мәрте өзгеріске ұшырап, қайта жазылып, өңделгені де болды.

Қалай десекте қазақ әдебиетінің әлемдік руханияттан орын алуына бірден-бір сүбелі үлес қосқан жазушының бірі – Мұхтар Әуезов. Оны қазақ топырағындағы асыл құнарлардың жарқырап қайта көрінуінің үлгісі деп сипаттайды. Ал оның «Әдебиет тарихы» – тарихтың тар жол, тайғақ кешуінде жұтымай, тас жарып қайта шыққан туынды.

Айдана СЕЙІЛ

■ НАЗЫМ СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ



«Сыр елі – жыр елі» дегенде алдымен аузымызға Сыр сүйелері түседі. Біз осы өлкеміз перзенті болғасын жыраулар шығармасын жастайымыздан жаттап жетілдік. Оның философиялық мән-маңызын түсініп, тағылымын ойымызға түйдік.

Біз бүгін сөз еткеніміз отырған шайыр Базар жырау Оңдасұлы. Жампоз жырау, даңқты ақын кез келген шығармасында ел мен жер тұтастығын жыр етіп, адамзат баласын асыл қасиеттерге үндейді. Жыраудың қайсыбір шығармасын алып қарасаныз да түпкі ойы мен көтерген мәселесі елдік тұрғыдан ұрпақ тәрбиелеу жағынан мән маңызы ерекше. Шайыр жырау шұғылалы шумактарға құрылған әрбір өлеңі мен орындаған жыр-дастандары ғасырдан-ғасырға жалғасып, ұрпақ жадында жаңғырып келеді.

■ ЖӘДІГЕР

«КӘШКҮЛ» ҚАНДАЙ БҮЙЫМ?

Музей қорында сақтаулы қызық формадағы көне жәдігерді бірі білсе, бірі біле бермейді. Бұл жәдігер «кәшкүл» деп аталады. Кәшкүлді дәруіштер пайдаланған. Бұл ыдыс пітір-садақа арналған. Кәшкүл – дәруіштердің халықтың пітір-садақа ретінде берген ас-дәмін салатын, сақтайтын және өзімен бірге алып жүретін ыдысы.

«Кәшкүл» – парсы сөзі. Бірінші буыны «Кашидан» етістігінің «Каш» түбірінен шыққан, «алып жүру» деген мағынаны береді. Ал «күл» ышқ дегенді білдіреді. Яғни ышқа ілінетін сөмке немесе жолсөмке деген мағынаға саяды.

Ал қазақ халқы арасында атқаратын қызметіне қарай бұл ыдыс «пітір-садақа жинайтын ыдыс» деген атпен белгілі.

Бұл ыдыстың иесі – дәруіш кім болған? Дәруіш – дін жолын таңдап, сопылық бағытты ұстанып, рухани толысу жолындағы адам.

Ел аралап жүрген дәруіштен халық жат елдің тұрмыс-тіршілігін, өмір салтынан мәлімет беретін ертегі, аңыз-әңгімелер тыңдаған. Қызық әңгімеге қанық болған халық ел аралап жүрген оған пітір-садақа ретінде ас-дәм беретін болған. Әрқазі ұзақ сапарда жүретін ол пітір ретінде берілген асты кәшкүлде сақтап, жол бойы қорек етіп, жүрек жалғайтын көрінеді.

Сол себепті де, кәшкүлді сөмке сияқты алып жүру сопылардың арасында кең тараған. Осы уақытқа дейін Иранның базарлары мен жолдарында кәшкүл ұстаған елқебзе дәруіштерді кездестіруге болады. Кәшкүл дәруіштердің символикалық бұйымына айналды. Оны рухани жолға түскен дәруіштердің бойтұмары десек қателеспейміз.

Дәруіштердің зікір салған уақытында ортаға кәшкүлді қоятын дәстүрі бар. Ол он зерғияны жинап, дәруішті бәле-жаладан сақтайды деп сенген. Сопылық бағыттың бойтұмарына айналған кәшкүл бір дәруіштен екіншісіне үлкен құрметпен беріліп отырған.

■ ДӘСТҮР

Қазақ халқы қашанда сәлем салуға үлкен мән берген. Өйткені оның маңызын терең түсіне берген. Жаңа түскен келіннің ең бірінші міндеті осыдан бастау алады. Қайын жұртына деген құрметін осылайша білдіреді. Жас келін үй үлкендеріне күнде сәлем салып, ибалық танытады. Ал олар «бақытты бол», «өркенің өссін», «қосағыңмен қоса ағар», «ұл тап» деген жылы сөздерін айтып, ақ батасын береді.

Алайда бұл дәстүр көп жерде ұмытылып бара жатқандай. Себебі қазір сәлем салдыратын үлкендер азайған. Көбі «Келінді өз қызымдай көремін» деп орамал тақпайды. Сәлем салдырмайды. Әрине, мұндайға жас келіндер қуанбаса, еш реніш білдірмесі анық. Бірақ келіннің аты келін емес пе?

Өкінішке орай заман ағымына еріп, салт-дәстүрдің тереңіне бойламай, мағынасын түсінбей, арамызда қателесіп жүрген жаңадар да бар. Олай дейтініміз, жанашыл көзқарас сәлем салуды күл көрмейді. Ескінің ұстанған салт-дәстүрі деп қарайды. Сонымен қатар біздің өңірде үлкен астан кейін тамақ алғанда сәлем беретін жақсы үрдіс қалыптасқан. Бірақ оны басқа жақтан келген қазақтар түсінбей жатады. Сәлем салу – әдептіліктің белгісі. «Сәлем түзелмей әлем түзелмейді» деп қазақ бекер айтпаса керек. Ол үлкен тәрбиенің қайнар көзі. Сондықтан осындай әдет-ғұрыпты қолдану қарашығындай сақтауымыз керек. Мұндай құндылықтарды ертегі ұрпаққа сол қалпында жеткізу – басты міндет.

– Біздің кезімізде ата-анамыз қыздың тәрбиесіне қатты мән беріп, «қызды қырық үйден тыю» деген нақылды беріп ұстанды. Мен ата-енемнің босағасын атағанымда небәрі 17 жаста болдым. Бүгінде отағасы екеуіміз 6 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырдық. Қазір олардан 35 немере, 16 шөбере сүйіп отырмыз. Өлі күнге дейін қайын жұрттағы үлкендерді көргенде орнымнан ұшып түрегеліп, сәлем беремін. Құдайға шүкір, өзіміздің 6 келіміз бар. Бәрі де бір үйдің баласындай тату-тәтті, ауызбірлігі бекем.

ЖАМПОЗ ЖЫРАУ

Шығармашылық ғұмыры XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы 10 жылдығына тура келетін Базар жыраудың жыр-толғаулары Сыр бойына ғана емес, күллі қазақ даласына кең тарағаны тарихтан белгілі. Жыраудың өзі: «Көріспегелі көп болды, Жүрмісің ерлер саламат», – деп жырлайды. Бұл шығармада ағайын ауызбіршілігі мен сыйластығы суреттеледі. Оның әрбір шығармасын оқи отырып, ақындық-жыраулық орбитасының әуел бастан кең де кемел болғанына көз жеткіземіз.

Сәкен Сейфуллин: «Бұқар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы – Базар жырау», – десе, Мағжан Жұмабаев: «Асса елдің қамын ойлаған, қалса өзінің ойына терең бойлаған», – деп Базар жыраудың ақындық қарым-қабілетін жоғары бағалайды. Сөз кәдірін білетін санлақ суреткерлеріміздің Базар жырау шығармаларын назарға алып, оң баға беруі жырау мұраларының айшықты екенін дәлелдейді.

Базардың жастық шағы жоқшылықта, жетімдікте өтеді. Буыны бекіп, бұғанасы қатпай жатып, байлардың қозысын бағады. Атақты жыраудың өзі бұл жайында былай дейді:

«Әуелі Базар атандым,
он алты деген жасыма
Бай Көкшенің асыма», – деп жырлайды. Базар жырау бәрінен бұрын дәстүршіл ақын. Есін білгелі ел аузындағы жыр-термелерді, толғау-дастандарды жаттап өскен.

«Құлаштан дүние сені қармансам да,
Керімі келген шығар ер Қорқыттың», – дейді енді бірде. Жыраулардың жампозы Қорқыт есімін өлеңге арқау етуі бұл Сыр бойы өнерінің Қорқыт дәстүрінің жалғасы болуын меңзесе керек. Міне, сондықтан да жырау шығармалары өзінен бұрынғы әдебиетпен табиғи тамырлас.

Тарихтан тін тарқатсақ, өнер көшіне ұласқан дәуір тынысы жырау шығармашылығына арқау болған. Сөзімізге дәлелді шайыр толғауларынан келтірейік.

Оның шоқтығы биік шығармасының бірі – Үш жүздің басы қосылған Бекет бабаның асында Пашаның Төребайына айтқан көңілқосы еді. Жыраудың Төребайға көп алдында көңіл айтып, қайғы-шеріне ортақтас екенін білдіретін толғауы терең тебіреністен туған.

Онда жырау былай айтады: «Сабырлан өзге шара жоқ, Қайтыңыз, мырза, райдан. Бұл секілді наузбеттің, Ақырын сұра Құлайдан. Жасаған жаппар кәр қылса, Өрден аққан дария, Сағасынан тынатын. Жағдайсыз жерден оқ тисе, Өркімдер естен танатын. Көтермесек әл нешік, Алланың салған санатын», – дейді. Бұл жырда қайғыға ұшыраған кісіні жұбатып қатар өнегелі өсиет, ізгі сезімдер де мендеседі.

Тағы бірде жырау өмір құбылыстарының күнгей жақтарымен бірге, көлеңкелі тұстарын да көркем ой, кестелі сөзбен шебер суреттейді.

Базар жырау «Қаражан болысқа» толғауында:

– Баласы батыр Қабақ, молда Қисық,
Қолыңа қалам алып жазшы хатқа,
Себеппен азын-аулақ айтып толғау,
Жаздым сөз жақсыларға сынатпаққа, – дейді.

Базар шығармашылығын Сыр бойының дәстүрлі өнер жиынтығындағы бірегей туынды деуге әбден болады.

Сыр өңірінің өнер өлкесінде Балқы Базар, Кете Жүсіп, Тұрмағанбет Ізгілеуов, Алдшайы ахун, Шораяқтың Омары, Жиенбай Дүзбенбетұлы, Нұртуған Кеңегұлұлы секілді жыраулар сабақтастығы дәріпті жалғасын тауып келеді.

Сонымен қатар Нартай Бекежановтың ән мектебі де Сыр бойындағы дәстүр сабақтастығын ілгері дамытып отыр. Манап Көкеновтың шығармашылық шыңы шартарапқа мәлім. Міне, мұның барлығы – Сыр өнерінің жарқын көрінісі.

Біз сөз етіп отырған Балқы Базар Оңдасұлының әр шығармасы өзіне тән. Оның жазған жырларын оқи отырып, көз алдында көне дүние күмбірі көрініс табады. Жанына рух сыйлап, жадына жаңаша ой туғызады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



Кәшкүлдің кокос жемісімен де байланысы айтылады. Өйткені ол әлемдегі ең үлкен жаңғақ – теңіз кокосының жарты пішіні формасында жасалған. Кокос қабығының емдік қасиеті бар деп сенген. «Кокостың жарты бөлігін су құйып ітсе, ұлың бойға тарамына көмектесіп, ұлың күшін жояды» деген наным бар. Өсімдіктің өзі осылай қасиетті саналып, кейін кәшкүлдің формасына негіз болған.

Оңтүстік Азиядан келген діни-ғұрыптық бұйым қазақ жерінде де қолданыста болғанға ұқсайды. Халқымыз шариятта уәжіп етілген парыздарды да аяқ асты қалдырмаған. Оған музей қорында сақтаулы кәшкүлдер дәлел. Тарихи тереңде жатқан кәшкүлдерді қазақ жерінде рамазан айында берілетін пітір-садақаны жинайтын ыдыс ретінде пайдаланғанға ұқсайды. Ислам дінінде пітір-садақа құны 1 адамға 2 қалақ бидай не арпа немесе 4 қалақ құрма не мейіз болса, мейізді тең бөліп салып өлшеген болуы керек.

Өткен тарихтан сыр шертетін жәдігерді музейге келушілер үлкен тандааныспен тамашалайды. Қызықты экспонаттармен танысқыңыз келсе, музейге келіңіз!

Өңігеріміз БЕКҚҰЛЫ, облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі

Әлжан арқылы 2002 жылы алынды. Емен ағашынан жасалған. Екі жағы тесіліп, арнайы бекітілген бекітілген. Екі ағаштың түйсетін бөлігінде топса ретінде былғары пайдаланылған. Екі бекіткіш арасы адырсаңан қаузынан жасалған моншақтармен тізбектелген. Зер салсақ, тәсіпнің символикалық көрінісін береді. Іші қуыс. Шебер ішкі бөлігін ойып жасаған.



Бұл бұйым қызметінің екінші нұсқасы бар. Зерттеу жұмыстары бұл тарихи жәдігердің таразы қызметін атқаруы мүмкін деген деректі жоққа шығармайды. Ислам дінінде пітір-садақаның құны 1 адамға 2 қалақ бидай не арпа немесе 4 қалақ құрма не мейіз десек, сол абзал етілген дүниелерді өлшейтін құрал ретінде пайдалануы мүмкін. Екі бөлікке, мысалы, бидайды тең бөліп салып өлшеген болуы керек.

Өткен тарихтан сыр шертетін жәдігерді музейге келушілер үлкен тандааныспен тамашалайды. Қызықты экспонаттармен танысқыңыз келсе, музейге келіңіз!

Өңігеріміз БЕКҚҰЛЫ, облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі



СӘЛЕМ САЛУ САЛТЫ ҒОЙ БҰРЫНҒЫНЫҢ

Салт-дәстүрді берік ұстанатын біздің өңірде келіндік міндеттің жауапкершілігі зор. Оларға үнемі үйге келген қонаққа сәлем салуды, күліп қарсы алуды айтып отырамыз. Қазіргі кезде жас еңелер өздерін үлкен көргісі келмейді. Сол себепті сәлем салдырмайды. Жас келіннің үйдегі орнын түсіндірмейді. Осыдан келіп арада бәсекелестік пайда болады. Бір-бірін сыйлаудан қалады. Келіннің жақсы болуы тікелей енеге байланысты. Оның міндетін барынша түсіндіріп, жәй сөзбен ақыл айтып отырсаң олар сенің айтқаныңды екі етпей орындайды, – деді қолбалалы ана Үміт Залиева.

Адамды салған сәлеміне қарап тануға болады. Әр елдің салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпна, тұрмыс-тіршілігіне сай сәлемдесудің түрлері

де әртүрлі. Алайда барлығының түпкі мақсаты бір. Ізет, сый-құрмет көрсету. Мәселен, қазақ халқы қол берісіп, тос қағыстырып, аттан немесе көліктен түсіп сәлем беріп, амандық сұрасады. Алайда қазақ келіндері үшін сәлем салудың өзгеше жоралғысы бар. Атап айтсақ, еліміздің әр аймағында келіндердің сәлем салу тәсілі әрқалай. Бір өңірде екі қолын айқастыра іліп сәлем салса, батыста оң аяғымен тізерлеп тағым етеді. Таң сәріде ата-енеге іліп сәлем салу, дәрет суын дайындап, асаяқты есіктің босағасына сүйеп қойып, аяқ-киімдерін киюге ыңғайлау – кез келген келін үшін міндет. Арамызда мұны ерсі көріп, сәлем салған келінге не айтарын білмей, абырпап қалатындар да жиі кездеседі. Кей кісілердің қобалжығаны сонша, келіннің қолына

жармасып, иіле өздері де қоса иілгенді көзіміз көріп жүр.

– Келіндік міндетімді атқарып келе жатқаным 5 жылдай болды. Құдайға шүкір, екі баланың анасымын. Ата-енеммен бірге тұрамыз. Сол кісілердің жағдайын жасап, ақ батасын алу – менің негізгі жұмысым. Басымынан орамалым түспейді. Күйеуімнің туыстарын көрген бойда іліп сәлем де саламын. Жалпы сәлем салу ата-бабаларымыздың өмір тәжірибесінен қалыптасқан дәстүрдің бірі ғой. Оны келесі буынға жаңа дәуірдің озық үлгілерін сіндіре отырып, түпкі мән-мағынаны барынша түсінікті етіп жеткізу керек деп ойлаймын. Қайынжұртқа деген сый-құрметтің ең бір үлкен нышаны іспеті болғандықтан, ата-ене де жаңадан келіп түскен келінді сәлем салуға міндеттеу қажет, – деді жас келін Өңігерім Құттығұрмет.

Мақаланы дайындау барысында әлеуметтік желіні бір шолып шықтық. Бір қызығы, желіде тараған бейнежазбалардың ішінде Манғыстау өңірі келіндерінің сәлем салуы бізге ерекше көрінді. Ақтаулық келіндер қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін әлі күнге дейін көзіннің қарашығындай сақтап келе жатқандай. Оңтүстіктің келіндері бұл үрдістен жаналмай, үлкенге ізет көрсетіп, сәлем салуды ерекше құрметтейді. Бір өкініштісі, еліміздің солтүстігінде ұлттық тұп-тамырымыз сәлем салу салты жойылуымен сәлем салу алынды. Тіпті ол жақтың кейбір жас келіндері үлкенге сәлем салмақ түгілі, мұндай дәстүрдің бар екенін де білмейді. Өкінішті...

■ АМАЛ



Мизамшуақ

Халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмысында арқау етті. Қысы-жазы далалық өмірде тіршілік еткен қазақ баласы өздері тұрған өлкеңіз табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білген. Мәселен, айсыз түнде жұлдызға қарап жол тауып, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне зер салып, ауа райын күні бұрын болжап, ерте қам жасайды. Сондай-ақ жылдың әр айы мен тоқсанында болатын күн қабағындағы және табиғат өзгерістері мен құбылыстарын әркез назарда ұстайды. Оған ат қойып, айдар тағып, баға беріп отырған. Мұндай жайларды үнемі қадағалап, күні бұрын болжайды.

Қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталатыны белгілі. Ауа райының мұндай құбылысын үлкендер халқымыздың ертеден қалыптасқан «Мизамшуақ» амалымен байланыстырады. Қазақ ұғымында оның тектен-тек айтылмағаны белгілі. Осы кездерде күндізгі шуақты күндер де болады. Далада ұзыннан-ұзақ өрмекшінің өрмегі – мизамдар шұбатылады. Мұндай жыл мезгілдерді «мизамшуақ» деп атайды. Зерттеуші ғалымдардың сөзіне сүйенсек, дәл осы уақытта жаздың ыстығының беті қайтып, күннің жылуы жерге түсіп жетеді. Бұл мезгілді ертеден осылай атаған. Табиғат тылсымының бұл белгісі қыркүйектің екінші онкүндігінде салқын болып, жаңбыр жауып, түнде шөп басына шық түсетін кез. Күз суығы бір үзік жылымық уақытты өзге елдердің халқы қалт жібермей, атау беріп, дүркіретіп мерекеге айналдырған. Мәселен, халықтар арасында мизам уақытына славян халқы көп мән береді.

Сонымен қатар Орталық Ресейде «бабье лето» немесе «Марфин жазы» деп аталатын бұл амал 1 қыркүйекте басталып, 24 қыркүйекке аяқталады. Болжам бойынша, осы уақытта әйелдер қысқы азығына қам жасайды. Жаз бойы далада жұмыс істеп, еңбек еткен шаруалар айдың алғашқы суығы ұрғанда аздап демалатын болған. Қайтадан күн жылығанда ер азаматтар егістіктің астығын жинап, отынын қамдап, қысқа дайындалған. Қарбалас тіршілікке кіріскен осы уақытты «бабье лето» деп атаған. Бұл жөнінде әсіресе үлкен кісілер көп айтады. Ал бүгінгі жастардың табиғат құбылыстары мен ерекшеліктері туралы білуі некен-саяқ.

– Айдың туу, тоғысу, аралық шағын байқап, бағамдап отыратын қазақ халқының көріпкелдері, жұлдызшылар қай кезде ауа райының қандай болатынын дәл тауып, айтып берген. Мизамшуақ – суық та емес, ыстық та емес, бірақ күннің көзі ашық, жаңға жайлы кезі. Әдетте, қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталады. Бұл кезеңді кейбір өңірлерде «кеміршуақ» (орыс тіліндегі «бабье лето» сөзінің аудармасы болуы керек) деп те атайды. Жаңбыр жауады, түнде шөп басына шық түседі. Күндіз жылынып, жаймашуақ күндер болып, далада ұзыннан ұзақ өрмекшінің өрмегі – мизамдар шұбатылады. Осы кездерде күндізгі шуақты күндер де болады, – дейді қала тұрғыны Қозбек Сыздықбаев.

Мизамшуақ екі кезеге бөлінеді. Біріншісі 28 тамыздан 11 қыркүйекке дейін, екіншісі 14-24 қыркүйек аралығында. Ескілердің ырымы бойынша, мизамшуақта ауа райы жақсы болса күз суық, қазан, қараша кезі құрғақ болады деп болжаған.

Айтқолқы АЙТЖАНОВА

Адамды сәлем салуға болады. Әр елдің салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпна, тұрмыс-тіршілігіне сай сәлемдесудің түрлері де әртүрлі. Алайда барлығының түпкі мақсаты бір. Ізет, сый-құрмет көрсету. Мәселен, қазақ халқы қол берісіп, тос қағыстырып, аттан немесе көліктен түсіп сәлем беріп, амандық сұрасады. Алайда қазақ келіндері үшін сәлем салудың өзгеше жоралғысы бар. Атап айтсақ, еліміздің әр аймағында келіндердің сәлем салу тәсілі әрқалай. Бір өңірде екі қолын айқастыра іліп сәлем салса, батыста оң аяғымен тізерлеп тағым етеді.

Ал сәлем салудан кімдер босатылады? Үлкендердің айтуы бойынша, күйеуі бақилық болған келіндерді сәлем салу салтынан босатқан. Ондағы мақсаты – «Келіннің ендігі жерде басы иімесін! Жүзі төмен қарамасын! Қызымыздай болсын!» деп көрсеткен ақ көңілді ниеті. Сондай-ақ ата салтымыз бойынша жүкті әйелге іліп сәлем салмауына рұқсат еткен. Әсіресе әулеттің үлкендері, қайын ағалары аяғы ауыр келіннің көзіне көрінбеуге тырысып, маңынан алыс жүруге талпынған. Өйткені олар алдымен жүкті келіндерін ыңғайсыз жағдайға қалдырмауды ойлаған. Өрдайым сәлемін білдіріп жүрген келін бір жағынан иілмеуге қысылды, ұялады. Ал екінші жағынан, күйеуінің бауырлары ондай сәтте келінге келін деп емес, болашақ ана деген көзқараспен қарап, құрметін солай көрсеткен.

«Сәлем сөздің – анасы!» Ендеше, сәлеміміз түзу болсын.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Әлемнің назары өзінде, Сырдария!

Жиында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Траншекаралық өзендер департаментінің директоры Арсен Жақанбаев «Сырдария өзенінің трансшекаралық реттелуі. Су серіктестігінің мәселелері және оларды шешу жолдары», «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы қорының суды қорғау және бақылау мемлекеттік бөлімінің басшысы Зейнулла Қазтоғанов «Сырдария өзені бассейнінің су шаруашылығындағы жағдайы», Аралды құтқару қорының Қазақстандағы атқарушы дирекциясының қызметкері, су шаруашылығы саласының ардагері Әмірхан Кеншімов «Сырдария өзенінің ластануы», «Қазушар» РМК Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары Жорабек Ернараров «Сырдария өзеніндегі су тапшылығы және су ресурстарын тиімді пайдаланудағы іс-шаралар», Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев «Облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің су үнемдеу технологияларын қолдануы» тақырыптарында баяндама жасады.

Айта кетейік, Өзен күнін атап өту – Орталық Азиядағы су ресурстарын басқару бойынша әлеуетті және өңірлік ынтымақтастықты нығайту бойынша жұмыс істейтін USAID жобасының бір бөлігі.

Басы 1-бетте

РЕПОРТАЖ

«ӨСЕРБАЕВ» КӨШЕСІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ КҮШЕЙДІ

Қалада қордаланған мәселенің бірі болған – Өсербаев көшесі. Күндік және сағаттық жалға берілетін пәтер саны жүздеп саналатын бұл аумақта құқықбұзушылық көп еді. Қоғамдық орында алкоголь тұтыну, түн тыныштығын бұзу секілді оқиға көп мұнда. Міне, осы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Өсербаев көшесіне арнайы стационарлық модульдік бекет орнатылды. Бұл өз кезегінде біраз құқықбұзушылықтың алдын алуға елеулі үлес қосуда. Полицияның табанды да тыңғылықты жұмысымен арнайы барып танысып, кешкі уақыттағы «Өсербаев» көшесінің ахуалын білдік.

Облыстық полиция департаменті және қалалық полиция басқармасы түйінді мәселені шешуді қолға алып, жақында тұрғындар тыныштығын қамтамасыз ету мақсатында стационарлық полиция бекетін орнатты. Қазіргі таңда бекет тәулік бойы қала тұрғындарының тыныштығын күзету-

– Өздеріңіз білетіндей, Қызылорда қаласындағы жалға беру пәтерлерінің көбі осы аумақта шоғырланған. Сол себептен тыныштықты, спирттік ішімдік тұтыну немесе көшеде масан күйде жүру фактілері көп тіркеледі. Дегенмен полиция басқармасы мұндай заң бұзушылықты азайту,



де. Стационарлық бекетте үш ауысыммен екі қызметкер кезекшілік етіп, аумақ тәртібін қадағалайды. Стационарлық бекет заманауи техникамен жабдықталған, полиция қызметкерлері радиостанциялармен және планшеттермен қамтылған. Бұл аумақта бүгінгі таңда 4 бейнебақылау камерасы жұмыс атқарауда.

қауіпсіздікті арттыру мақсатында күндіз-түні жұмыс істеуде. Мысалы, 2017 жылы бұл аумақта 1000-нан аса жалға берілетін пәтер болды. Қазір олардың тек 160-ы ғана бар және әрқайсысы жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, «агенттік» ашып алған. Сондай-ақ түнгі уақытта, яғни 24 сағат жұмыс істейтін дүкендер де бар.



Ол жерге де адамдар көп келеді, – дейді қалалық полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімінің учаскелік инспекторы, капитан Нұрлыбек Нұртаев.

Тағы бір қуанарлық жайт, Өсербаев көшесі тұрғындар өтініші бойынша Қорқыт ата – Әйтеке би көшесіне қарай көлік қозғалысы бір бағытқа ауыстырылды. Арнайы жол белгісі қойылған бұл аумақта алғашқы күндері түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, хабарландыру берілген. Одан бөлек бұл аумақта алдағы уақытта 74 бейнебақылау камерасы орнатылмақ. Оның 30-ы жедел басқару орталығына



қызмет етеді. Яғни енді аумақтағы құқықбұзушылық полицияның аралауы немесе тұрғындардың хабарлауы бойынша ғана емес, басқару орталығы арқылы да анықталатын болады.

Бұл аймақта қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 24 сағат бойы 6 учаскелік және 2 ювеналды полиция қызметкері жұмыс атқарады. Жол жүрісінен бастап, қоғамдық тәртіп пен тыныштықты бұзғандардың барлығы жауапқа тартылады. Мәселен, ұсақ бұзақылық жасағандар 434-ші бап бойынша жауапқа тартылып, 5 АЕК айыппұл арқаулау немесе он тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынуы мүмкін. Ал 437-ші бап бойынша 22.00 мен 09.00 аралығында тыныштықты бұзған жеке тұлғаға 5 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектіге 20 АЕК, орта кәсіпкерлікке 30 және ірі кәсіпкерлікке 100 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Сонымен қатар Өсербаев көшесінде көп кездесетін қоғамдық орында алкоголь ішу немесе масан күйде келу дерегі бойынша 440-шы бапқа сәйкес 5 АЕК көлемінде айыппұл арқалайды.

– Өсербаев көшесіне жол белгісінің қойылғанына екі апта уақыт болды. Алдын ала жан-жақты хабарландыру жасалып, бастапқы кезеңде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Біздің мақсат хаттама толтыру емес. Сол себептен мүмкіндігінше жүргізушілерге түсіндірме жасап, кері бұрылуын талап етіп жатырмыз. Одан бөлек аумақты бақылау, қылмыстың алдын алу мен әкімшілік құқықбұзушылық секілді фактілермен жұмыс істейміз. Бұл аумақта 437 бап бойынша, яғни тыныштықты бұзу бойынша хабарлама көп түседі. Бүгін біз ІІ ауысымда жұмыс істейміз, 19.00 мен 03.00 аралығында аумақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті бізге жүктелген, – дейді жол патрульдік полициясының қызметтік инспекторы Дәуірбек Қыдырбекұлы.

Аслан НУРАЗҒАЛИ



Конференцияға қатысушылар ой-пікірлері мен ұсыныстарын жеткізіп, сұрақ-жауап алмасты. Жиын соңында Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетов, Аралды құтқару қорының Қазақстандағы атқарушы дирекциясының қызметкері, су шаруашылығы саласының ардагері Әмірхан Қадырбекұлы, «Қазушар» РМК Қызылорда облыстық филиалы дирек-

торының орынбасары Жорабек Ернараров, «Аралды құтқару» халықаралық қорының Қазақстандағы атқарушы дирекциясы экология департаментінің басшысы Мария Заднепровская, «Қазгипродхоз» жобалау институты» ЖШС бас директоры Анатолий Рябцев БАҚ өкілдері үшін арнайы баспасөз конференциясын өткізді.

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

МАРАПАТ

Облыстық педагогикалық тамыз кеңесінде 2 жарым жастағы баланы құдықтан құтқарған 15 жасар Арман Аманжоловқа 2 бөлмелі пәтер берілді.

Құтқарушы Арманға 2 бөлмелі пәтер берілді



Өткен аптада қала орталығындағы «Универсам» шағын ауданында оқыс оқиға орын алып, екі жарым жастағы саби ашық тұрған көріз құдығына түсіп кеткен. Аралдан арман қуып, оқуға келген 15 жастағы Арман Аманжолов оқиға сәтінде көзсіз ерлікке барып, баланы құдықтан алып шықты. Бозбаланың батырлығына тек жерлестері ғана емес, тұтас ел болып қуанып, ерлігіне тәнті болды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев педагогтардың тамыз кеңесінде мұқалмас ерік-жігерімен, табанды тәуекелге барған аралдық Арманға демеушілер көмегімен пәтер килтіні табыс етті.

Сондай-ақ жасөспірімді қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы Әбдібек Жаназаров қабылдап, көрсеткен батылдығы үшін алғыс білдірді. Құрмет грамотасы мен қол сағаты салтанатты түрде табыс етілді.

Арман Аманжолов төрт метрлік көріз құдығына түсіп кеткен екі жасар баланы кездейсоқ өтіп бара жатқан жерінен құтқаруға қалды. Ол Қызылордада М.Ықанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжине түсу үшін келген. Таңдаған мамандығы – электрлік. Арман көпбалалы отбасынан шыққан жігіт. Алдында екі әкесі, екі ағасы бар ол – үйдің кенжесі екен. Арманның осынау ерлігінің насихатталуына облыстық «Сыр бойы» газетіндегі әріптестеріміз сеп болғанын да айта кеткен жөн.

«Ақмешіт-ақпарат»

Сонғы жылдары технологиялар шапшаң дамып жатыр, мұны, әсіресе ақпарат жеткізудің жаңа әдістерінің енгізілуінен анық байқауға болады. Кино мен хабарларды кішкентай теледидардан көріп жүргеніміз кеше ғана сияқты. Кескіннің ақ-қара түсті болғанын, кейде тіпті дыбысы да жоғалып кететінін елестету қиын-ақ, бірақ, бақытымызға орай, түрлі-түсті теледидардың дәуірі басталып, кескін түрлі түсті, дыбыс әр динамиктен тоқтаусыз шығып тұратын болды, бұл, әрине, болашаққа бастаған маңызды қадам еді.



ҚАЗАҚСТАН КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЦИФРЛЫҚ ЭФИРЛІК ТЕЛЕХАБАР ТАРАТУҒА КӨШІП ЖАТЫР

«Қазтелерадио» акционерлік қоғамының жаңа заманға сай техникалық шешімдерінің арқасында 2018 жылдан бастап аналогты телевизия өшіріліп, цифрлық эфирлік хабар таратуға кезең-кезеңмен көшу басталды. Бүгін жоғары сапалы кескін және дыбыс беретін сигналдар Маңғыстау, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Алматы, Жетісу, Павлодар, Қостанай облыстарының, сондай-ақ елорда тұрғындары мен қонақтарына, Алматы және Шымкент көрермендеріне қолжетімді. Республиканың 92,43% жері ЦЭТВ-мен қамтылған.

Цифрлық эфирлік телевизия дегеніміз не өзі? Жәй сөзбен түсіндіретін болсақ, бұл – сигналды жеткізудің жаңа технологиясына көшу. Аналогты сигнал ауылдық жерлерге тек 2-3 арна жеткізетін, әрі ауа-райы құбылыстарына тозсіз болатын, сондықтан жиі-жиі дұрыс көрсетпейтін.

Цифрлық эфирлік телевизия неғұрлым сапалы кескінмен дыбыс қабылдауға мүмкіндік береді, ең бастысы, трансляцияланатын арналардың санын бірнеше есе арттырып, облыс орталықтарында 30-ға дейін, тіпті ең шалғай аудандарда 15-ке жеткізді. Бұдан басқа, қазір абоненттерге түрлі сервистер қолжетімді, оның ішінде телебағдарлама, қаралатын телехабардың

қысқаша сипаттамасы және т.б. бір сөзбен айтқанда, аналогты хабар таратудан цифрлық хабар таратуға көшу көрермендер үшін де, ұлттық оператор ретінде хабар тарататын «Қазтелерадио» АҚ үшін де алға басқан үлкен қадам.

Цифрлық эфирлік телевизия абоненті болу өте оңай, ол үшін теледидарға цифрлық сигнал қабылдайтын жалғам құрал мен дециметрлік антеннаны жалғасыз жеткілікті – Сіздің алдығыңа керемет сапамен көрсетілетін отандық арналардың тізімі шығады. Айтпақшы, заманауи теледидардың көбінің ішіне цифрлық эфирлік сигнал қабылдағыш салынған, ол кез келген бағдарламаны жалғам құралсыз көруге мүмкіндік береді. Ең маңыздысы, цифрлық эфирлік ТВ топтамасындағы арналар су тегін таратылады.

Сонымен Цифрлық эфирлік телевизияға көшу дегеніміз, бұл – республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарынан алыс тұратын болсаңыз да, сүйікті хабарларыңызды тегін әрі керемет сапамен көру мүмкіндігі.

Қалай қосылуға болатыны және жабды сайт алу туралы толық апаратын www.isev.kz сайтынан, сондай-ақ ұялы операторларға тегін 8 8000 800 193 нөмірі немесе 193 нөмірі арқылы ала аласыз.

БРИФИНГ



Қала бойынша 2021-2022 жылдың жылу беру маусымында 52 өрт оқиғасы тіркелген. Соның салдарынан 3 адам қаза болған. Алайда өрт оқиғасынан жарақат алғандар жоқ. Тілісіз жаудан келген заңал өткен жылмен салыстырғанда 21,5 пайызға азайған. Жылу маусымында көмірқышқыл газынан улану дерегі тіркелмеген.

ҚҰДАЙ ДА САҚТАНҒАНДЫ САҚТАЙДЫ

Өрттің шығуына негізінен тұрғындардың қауіпсіздік шараларына салғырт қарауынан, тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеуінен және де балаларды қараусыз қалдыру себеп болады.

Өрт қауіпсіздігінің кепілі – сақтық шаралары. Қарапайым ұқыптылық пен тұрғындардың тұрмыстық мәдениеті тосыннан болатын көптеген өрттен аман сақтайды. Осы мақсатта жылу маусымы кезіндегі өрт қауіпсіздігін сақтау және алдын-алу үшін қажетті шаралар жасалауда. Жылу беру маусымына дайындық аясында 15 тамыз бен 15 қыркүйек аралығы «Өрт қауіпсіздігі айлығы» болып жарияланған.

– Өрт қауіпсіздігі айлығы аясында әр аптаның сәрсенбі, жұма және сенбі күндері



қала бойынша басқарманың қызметкерлері және ҚазТрансГаз мекемесі, Полиция басқармасының қызметкерлерімен, волонтерлермен бірлесіп, жылу беру маусымы кезінде өрттің пайда болуын, адамдардың қаза болуын және жарақат

алу қауіп-қатерін азайту мақсатында профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізудеміз. Аралау барысында бірінші кезекте тұрмысы төмен, көпбалалы, жалғызбасты аналар мен мүгедектігі бар адамдар бар отбасыларға басты мән беріледі. Қазіргі таңда аталған жұмыстар аясында тұрмысы төмен осал топқа жататын тұрғын үйлерге 331 дана көмір қышқыл газын анықтайтын құрылғы (датчик) орнатылса, «АлауГазАймақ» ЖШС-мен бірлесіп, Наурыз және Махамбет елді мекендеріндегі тұрмысы төмен мүгедектігі бар адамдардың тұрғын үйлерінің мұржаларын тазарту жұмыстары жүргізілуде, – делі қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық төтенше жағдайлар басқармасының

Айтқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



БҮГІНГІ БАЛА ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕМЕН КЕЗДЕСЕДІ?



Заман қарыштап дамыған сайын ағым «заңын» ұғыну және оған бағыну маңызды. Бұрын балалар көп уақытын отбасымен, мектеп немесе арнайы үйірмелерде өткізетін. Ал қазіргі кезде балалар ерте жастан техникамен, интернет ресурспен бетпе-бет кездеседі. Соның әсерінен олар ерте жетіліп, әрудициясы дамыған болып өседі. Дегенмен психика мен денсаулыққа байланысты мәселесі болуы мүмкін. Міне, бүгінгі мақалада осы тақырыпты қаулап, мәселе мен оның шешілу жолын анықтап көруді жөн көрдік.

Қазіргі заман балаларында сөйлеу мәнерінен бөлек сөздік қор мәселесі де бар. Көп ата-ана балаға ертегі оқу, бесік жырын айтудан гөрі мағынасы жоқ видео, теледидардан мультфильм қосып беруді қош көретіні жасырын емес. Тіпті қандай бейнематериал көруді баланың өзінің тапсырм, тандауға мүмкіндік береді. Бұл кезде балада сөйлеуден бұрын тыңдау, есту қабілеті алға басады. Соның әсерінен баланың сөздік қоры көбеймей, сөйлеу мәнері дамусыз қалуы мүмкін. Бұл өз кезегінде баланың өзі көрген мультфильм кейіпкерлері секілді айқайлау, қылық жасауына әкеп соқтырады. Одан бөлек баланың логикалық ойлау қабілеті, фантазиясы да дамымауы мүмкін.

Экономикалық ахуал да балаларға кері әсер ететін жағдай аз емес. Тұрмыстық жанжал көбейген заманда психологиялық тұрғыда қиындыққа ұшырау факторы артып, тіпті балалар арасындағы экономикалық бәсекелестіктің кесірінен өзін ыңғайсыз сезініп, қоғамнан алыстайтындар да бар. Одан бөлек жұмыс басты ата-анаман еркін сөйлесе алмауы, тіпті тілдесуге уақыттың болмауы баланың психологиясына кері әсер етіп жатады. Бұл тұста әр ата-ана ең бірінші кезекте баланың моральдік жағдайына жіті көңіл бөліп, емен-жарқын сөйлесуді қолға алу керек.

Балаларға кез келген уақытта қолжетімді ойын-сауық, яғни әлеуметтік желі, телешоу мен бейне ойындар мотивация жауап беретін дофамин гормонын арттыру арқылы ләззат әкеледі. Адам қашанда жайдарлы эмоциямен байланыстыратын дүниені жасауға бейім. Сондықтан біздің миымыз қандай да бір әрекеттен жағымды эмоция алып, сондықтан ол істі жиі жасауға итермелейді. Ал бүгінгі

балалар кітаптан гөрі «YouTube» платформасындағы видеоны қызықтағанды жөн көреді. Осылайша оңай дүниеге құмартағын адамды келешекте қиын істерден қорқуына әкеп соқтырады. Бұл мәселені шешу үшін қызықты отбасылық күндерді ұйымдастыруға болады. Мысалы, бір күн үйде ешкім смартфон, телевизор қолданбауға шарт жасаса, бала бірден

P.S. Бүгінгі бала өмірінде кездесетін мәселенің көбі заманға сай дүниелер. Қоғамдық орта, дамыған технология мен білім беру бағдарламасы қазір күрделенген. Бұл кезекте ата-аналардың басты міндеті – мәселе мәнсіз анықтап, оны шешу жолдарын қарастыру. Яғни баланы компьютер ойындарынан шектеу емес, оның орнын пайдалы нәрсенен алмастыру және ата-ана өзі де сол іс-әрекетке қатысуы маңызды. Балаңызға әлеуметтік желінің зиянын түсіндіріп және шектеп қана қоймай өзінің үлгі көрсеткеніңіз абзал.

кітап оқып кетпесе де жай гана үйді тазалау жұмысын да ерекше қызығушылықпен істейді.

Бүгінгі мектеп оқушылары үшін маңызды фактор – балалардың мамандықты ерте таңдауы мен оқу орнына түскенде жоғары бәсекелестікке тап болуы. Қосымша оқу курстары, мектептегі кешенді оқу бағдарламасы, тапсырмалардың шамалды түсініксіздігі оқу бағдарламасы және интеллектуалды күйзеліске алып келуі мүмкін. Бұлдан бала шаршап, оқу мен хоббиге деген қызығушылығын жоғалтады. Сол үшін де балаға стрессті спорт, медитация және сүйікті ісімен шұғылдану арқылы жеңуді үйрету маңызды.

Баланың күнделікті өмірінде түрлі үйірме мен қосымша сабақ даму үшін пайдалы. Бірақ баланың әр күні минутпен жоспарланған болса ол өсудің негізгі сәтін – еркіндіктен құр қалады. Есейе келе ата-анасының жүктеген тапсырмасымен өскен балалар өз уақытын жоспарлай алмайды. Өйткені олар өз бетінше ойлауды, тандау жасауды және шешім қабылдауды үйренбеген. Сондықтан баланың бір күнін бос ету, еш тапсырма жүктемеу маңызды. Мұндай кезде бала қызықты, істейтін істі өзі іздеп табады.

Бүгінгі күннің негізгі кемшіліктерінің бірі – «отырықшы өмір» салты. Балалар көп уақытын мектепте, содан кейін үй тапсырмасын орындаумен өткізсе, бос уақытты жиі гаджетпен байланыстырады. Тұрақты физикалық белсенділіктің болмауы ұйқының бұзылуына, салмақтың артуына және стресске төзімділіктің төмендеуіне әкеледі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша 5 жастан 17 жасқа дейінгі балалардың дене белсенділігінің нормасы күніне кемінде 60 минутты құрайды. Мұндай кезде балаға ұнайтын ата-анасымен бірге жауау сәуірдеу немесе спортпен айналысу секілді цифрлық құрылғысыз әрекеттер көмектеседі. Интернетте уақыт өткізуге шектеу қою да маңызды.



THE WALL STREET JOURNAL.

ТАЙВАНЬ ҚАРУЫН КҮШЕЙТПЕК

Өзін тәуелсіз мемлекет деп санаса да Қытай әлі күнге дейін Тайваньді өзінің аралы ретінде санап отыр. Санап отқанымен қоймай азырын көрсетіп, Тайваньға деген қысымды күшейтуде. Дегенмен бұл текетірісте Тайбэй башылығы тыс қалмай, қазіргі кезде қару-жарағын күшейтіп жоспарлап отыр. Бұл туралы The Wall Street Journal башылығының тілшісі Джоу Ван «Тайвань әскери шығыны арттырмақ» тақырыбында мақала жариялады.



Тілшінің хабарлауына, Тайвань Бейжін мен Вашингтон арасындағы қарым-қатынастың нашарлауына байланысты Қытаймен шиеленісті күшейтеміз жауап ретінде әскери шығындарды соңғы 15 жылдағы ең көп қаржыға ұлғайту жоспарын жария еткен.

Бейсенбіде Тайвань министрлігі келесі жылға рекордтық 13,7 миллиард долларлық базалық әскери бюджетті ұсынған. Бұл биылғы қорғаныс бюджетінің 13 процентке көп және мұндай қаржы 2007 жылдан бері бөлінбеген.

Министрлер кабинеті сонымен қатар реактивті ұшқыштарды сатып алуға және қосымша зымыран, әскери-теніз кемелерін және басқа қару-жарақ жүйелерін қаржыландыруға қосымша 3,6 миллиард доллар бөлуі ұсынған. Бюджет ұсынысын Тайваньның билеуші партия башылығы ие заң шығарушы органы мақұлдайды деп күтілуде. «Бұл пандемиямен күресу сияқты. Пандемияның алдын алу – өмірді қорғау. Бұл шешім де елді қорғау мақсатында жасалған», – делі Тайвань статистика департаментінің башысы Чу Церминг.

Тайваньның әскери шығынды күрт ұлғайту туралы мәлімдемесі Қытай Фуцзянь жағалауында әскери жаттығулардың жана кезеңін өткізуді жоспарланған жариялағаннан бір күн өткен соң жасалды. Қытайдың мемлекеттік телерадиокомпаниясы биліктің кемелерге жұма және сенбі күндері жаттығу өтетінін айтып, судан аулақ болу туралы ескерту жасағанын айтты.

АҚШ палатасының спикері Пелосидің Тайвань президенті Цай Инвэньмен кездесу үшін Тайбэйге барған сапарынан кейін Қытай-Тайвань аратынамыс одан әрі шиеленісіп кетті. Пелосидің сапарынан кейін Бейжін Тайваньның үстінен зымыран ұшырып, блокадаға ұқсайтын әскери жаттығулармен аралды қоршап алды. «Тайваньды ешқашан басқармаған Қытай коммунистік партиясы аралды өз территориясының бір бөлігі деп мәлімдеп, қажет болған жағдайда оны қушып бақылауға алуға уәде берді», – деп жазылған мақалада.

Вашингтондағы Қытай елшілігінің өкілі Лю Пэнго бюджеттің ұсынысты Тайвань үкіметінің «сепаратистік ұстанымды ұстанғанының» белгісі ретінде қарастырылғанын айтты. Ол Пекиннің өзін-өзі басқаратын аралды бақылауға алу туралы уәдесін тағы да айтты. Қытайдың қарулы күштері өкілі бейсенбі күні АҚШ-ты Тайвань бұғазындағы шиеленісті күшейтеміз үшін айыптап, Тайвань төңірегіндегі әрекеттерін Қытайдың аумақтық тұтастығын қорғаудың заңды шарасы деп атады.

Тайвань ұсыныс «қорғаныс» бюджетінде аралдың реактивті ұшқыштары мен әскери кемелеріне жанармай мен техникалық қызмет көрсету шығындарын айтарлықтай арттыру қамтылған. Әскери сарапшылардың айтуынша, бұл өсім Тайбэй аралдың қорғанысын әлсіретуге бағытталған «сұр аймақ» соғысының түрі деп атаған Тайвань маңындағы Қытай жаттығулары мен «Қытай Халық азаттығы армиясы» шабуылдарына жауап беру үшін қосымша шығындарға байланысты болуы мүмкін.

Ұсынылған бюджет жарияланғанынан кейін Тайвань Қорғаныс министрлігі кеңейтілген бюджетін қаруды жақсартуға, резервтік күштердің дайындығын арттыруға және асимметриялық соғыс мүмкіндіктерін дамытуға жұмсауды жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

Тайвань соңғы екі онжылдықта әлемдегі ең қуатты әскери күштердің бірі құрған Қытайдан төніп тұрған қауіп-қатерді ескере отырып, өз қорғанысына көбірек ақша жұмсағаны үшін әскери сарапшылардың сынына ұшыраған еді.

Ұсынылған өсіммен Тайваньнің әскери шығындары 2023 жылы жалпы ішкі өнімнің 1,7 процентін құрайды. Ал Қытайдың ресми қорғаныс бюджеті жалпы ішкі өнімнің 1,3 процентін құраса, АҚШ көрсеткіші шамамен 3,1 процентке тең. Тайваньнің әскери бюджеті туралы «Бұл – оң тенденция. Бірақ оларға төніп тұрған қатердің үлкендігіне байланысты бұл қаржы әлі де аз», – делі АҚШ Қорғаныс министрлігінің бұрынғы қызметкері және қазір Сингапурдағы Ли Куан Ю атындағы мемлекеттік саясат мектебінің аға ғылыми қызметкері Дрю Томпсон.

Тайбейдегі әскери қолдау көрсететін Ұлттық қорғаныс және қауіпсіздік ғылыми-зерттеу институтының зерттеушісі Су Цзу-ән Тайвань әскери шығындарды ішкі өнімнен үш немесе одан да көп процентке дейін ұлғайта алатынын, бірақ әлеуметтік әл-ауқат пен денсаулық сақтау шығындарын ұлғайту үшін саяси қысымға тап болып отқанын мәлімдеді. «Мәселе Тайваньдағы саяси мәдениет ұлттық қорғанысты басты басымдық ретінде қарастыратынында. Ұлттық қорғанысыз әлеуметтік қамсыздандырудың қажеті болмайды, өйткені ол кезде Тайвань Қытайдың бір бөлігі болады», – делі ол.

Осы аттада Цай және басқа да жоғары лауазымды Тайвань шенеуніктерімен кездесуде АҚШ-тан келген қытайлық сарапшылар тобының бірі Орвилл Шелл Тайбэйде Қытай шабуыл жасаса АҚШ негес Жапония аралды қорғауға келе ме, жоқ па деген сұрақ көп қойылғанын айтқан.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!



АҚСЕРЕГІҢ ДЕ, КӨКСЕРЕГІҢ ДЕ ӨЗІҢЕ

Бастауышта дене шынықтырудан артық жек көретін пән болған жоқ. Сол сабаққа келгенде желкем кері тартып, қалай болғанда да қатыспаудың амалын іздейтінмін. Себебі – мұғалім бізге сенбейтін. Өзімізден үлкен сыныптардың доп қуалап, футбол ойынынан көрген ұлдар қатты қызығушы едік. Ал біз ше? Доп түгіл дөңгелек нәрсе көрмейсің. Біз әксерек-көксерек ойнаймыз?

Шыжып тұрған күз-көктемде шалбарының ішінен бықытып трико киіп алып, моданың «майын ішкендер» көстеммен ақ-қара кроссовка киіп аламыз. Өйтпесе өзі дәу-дәу төртбұрышты кітаптарымен дене киімің қоса салсаң ырығалып-жырғалып зорға жүрген I сыныпқа барғанда алған сөмкең айырылғанын деп тұр. Амалсыз бұтыңа баттастырып киіп аласың. Кейін жүргенің балағыңнан трикоң, жағаның ақ футболқаң шығып шығып. Міне, осындай азап пен мазақтан өткенімізге қарамастан мұғалімнің келіп «әксерек-көксерек» ойнайсыңдар дейді ғой...

Ол кісіні көбіміз түсінбейтінбіз. Доп қуалап футбол ойнасақ бір жерімізді жаракаттап алады екенбіз. Әй, көкем-ау, сол допты үйде де ойнап жүрміз ғой. Қараңғы батқан кезде доп деп ойлап қараң қалғыр құрылыстан қалып қойған тас бетон теуіп калып, талай ақсаңдаған жопкыз ба? Сүйегің мен сүйегің соғысып жатқанда екі бала екі жақта жылап алып, кейін қайта жүгіріп кетпеуші ме едік? Миыңдызы шамалы ғана қозғалтып қарасаң, әксерек-көксеректі одан да «опансың» ойнай емес пе? Ұлдарың қыздар тұрған жерді көздеп тұрып бар күшімен ыңқытып келіп түгіңде «аяулы арударымыз» желбіреген тұдай ырығалан етеді ғой. Қыздарың келіп тас қылып ұстап алған біздің қолымызды кесіп өтеміз деп келіп «дүңк» етіп шалқалап келіп, құламаушы ма еді? Талай рет сыныптағы зінгіттей бала сенің қолыңды қақ бөлейін деп жүгіріп келе жатқанда қорыққан қолымызды босатып, анауың өзін-өзі көтере алмай әрі асып, ақырында омақасып келіп жер бауырлайтын. Міне, осындай «аварияларды» көре тұра тұқ болмағандай «Ақсерек-көксерек ойнаймыз» дейді.

Мұғалімнің айтқаны – заң, айтты-болды. Өйтпесе мүлде ойнапай қояды. Ол кезде көзін бақырайып ай даллада тұрасың да Ақсерек-көксеректі қызықтайсың. Сен ойнамаған кезде ерекше қызық болып та кетуші еді. Бүгін де сол жағдай...

Үлкен сыныптың балалары киініп болғанша күтуші керек, өйтпесе «разделвалкаға» сыймайсың. Көксектен бүлінген касеталдай «Ақсерек-көксерек» деп қақсап қалған мұғалімнен ұрыс естисің. Дал соған келгенде менің жолым болды. Үйдегі үлкендердің екіншісі ұрыншақ. Содан болар көбі «Сұлтанның інісі кірісін» деп шақырып алады.

Өзімің ынтызарлығым «аздай» бірінші болып киініп алып, сыртың Ақсерек-көксеректі «асыға» күтіп тұрмын. Арман болған футбол алаңынан ұлдар екі рет, қыздар бір рет айналып та екіге бөліндік.

«Ақсерек-Көксерек, бізден сізге кім керек?», – деп жамырағандар бір адамды жіберіп, бір адамды өзіне қосып жатыр. Біресе Фархат, енді бірде Жұлдыз, сосын Самғар, Күнсулу, Аружан, Бекзат, солай-солай кетіп жатыр... Кезек маған келді... «Аслан керек» деп айқайлағанда барып ойландым. Қарап тұрсаң қарсы топта бір қыздан басқа қыз жоқ еді. Оның өзі менің екеуімдей болады. Амалсыз «Әй, қандай болса да қыз ғой. Өйтеуір нәзіктігі бар шығар. Не болса да әлім жетер» деп ойладым. Ойламадым, өзіме солай баға айттым. Өйтпесе біздің балаларды білемін ғой. Тас құлып ұстап алады. Олардың жұмылған қолдарынан темір құлыпты бұзу оңай ма дерсің?..

Не болса да тәуекел. Бұзып өтсем соны ғана бұзамын. Бұқаларша сол аяғыммен жердің шаңын көтеріп тұрып қазып, алға қарай ұмтылып кеп бар күшіммен жүгіріп келем. Жақындаған сайын бұзатыныма да сенімділік артқанайды. Ал міне, жеңіске жететін уақытым жақын. Дал осы қолдың құлып бұзсам, біз жеңеміз. Иә, міне-міне... Армандапсың. Әлгі арудың зінгіттей қолы тұмсығыма тарт еткен, тандаймы тақыдап, екі айналып жерге түстім. Жай түссем жақсы ғой, шалқаннан жерге тарт еткенде ауа да жетпей қалды. Мұрыннан қан сорғалап жатыр... Жаны шықты ма әлде шошып кетті ме, мұғалім жүгіріп келді. Қолтығымнан демеп көтеріп жатқанда бетіне бақырайып тұрып біраз ішек-тарқатып алдым. Орыстың бес-алты боғауызы, жаз бойы ауылдағы нағашыдан үйренген әңгімеді қосып «Көк әкен-ң, Ақсеректің де өзіне, Көксеректің де өзіне...» деп аузыма келгенді оттаптым.

Дұрыс дүние жасамағандымыз қызыл-ала қан болып «завуштің» алдында тұрғанда түсіндім. «Қайдан үйрендің? Неге айтасың?» деп бір-екі ұрысып, мұғалімге «Енді бұл ойынды ойнатпаңыз» деді. Мен медпунктке, ол сабағын әрі қарай жалғастыруға кетті. Бір жағынан жалмауыз сөздерді «от души» жібергеніме ұялып, бір жағынан өйтеуір сыныптың арманын орындап, «Ақсерек-көксеректен» арылттым. Балалар да, мен де мәзбіз, өйтеуір «жертва» болып, дегенімізге жеттік-ау...

Сөйтін маз болып жүргенде мұғалім лоппен ойнайтын болды деп қуантты. Асығып келіп киініп, пүтболға дайындалып келген бізге мұғаліміміз «орта мәшік» (ортаға түспек) ойнаймыз демесі бар ма? «Бүйткен дене шынықтыруыңды...», – деп іштей айттық та амалсыз көндік. Келесі «жертва» кім?..

Мен бизнес саласына ерте келдім. 5 жасымда-ақ алғашқы ақшамды таптым. Шынығ айтсам, ол бизнеске келуіме бір кісілер себепші болды. Сосын ол «маусымдық кәсіп» еді. Қысқасы, бар жаныммен қаламаса да, тәнімнің кішкентай ғана бір бөлшегін беріп пайда тапқанмын. Сол бизнестен кейін үйдегілер «сен енді үлкен жігіт болдың» деген соң көбірек ақша табу керек деп ойладым. Содан уақыты келген кездерде «басып-басып» қалып, экономикаға оң үлесімді қосатынмын.

Әкем айлық алған сайын маған міндетті түрде 2 мың теңге беретін. Бұл менің жалақыым. Одан бөлек мектепте оққан кезде де ақша табатын варианттар көп еді. Бастауыш сыныпта

«что? – Тогда почему ты такая сладкая?» деген әңгімелердің түбін түсіріп, аруларды еріксіз жымғитамын. Кейін таныстықты бастап, «Сұлу екенсің, қызығушылықтарымыз бірдей екен» деген сөздер кетеді. Қыздың мәз болған смайлігіне біздің ұлдар мәз болады. Оларға да қыздың көңілін табудың азамат қурсын өткізіп, осылай тиын-тебен тауып жүрдім.

Сөйтін айына екі-үш жігітке қыз тауып беріп, бизнесімді дөңгелеттім. ИП-сы жоқ шағын кәсіпкер ретінде пайда көріп жүрген кезімде өзім де бір қызды ұнатып қалдым. 9-сынып. ВК әлі бар. Сабақтан шыға сала телефон алып достық өтініш жібердім. Кешке таман қабылдаған соң әңгіме басталды.



БИЗНЕСМЕН

ағаларымның мектепте «хит» болғаны маған көмектесетін. Қыздар «Тұранның қызы бар ма? Кімді жақсы көреді?» деген әр сұрағына жауапты 50 теңгеден сататынмын. Ол 50 теңге бір бөлініп үнемі компот алуға болады. Ал үйдің үлкеніне қызығушылық танытатындар кө-ө-ө-і. Төртінші сыныпта ағам мектепті бітіріп, менің бизнесім банкротқа ұшырады.

5-6 сыныпта өзім басқа мектепке көшкендіктен бизнеске келуім қиындады. Дегенмен жетіншіде жүргенімде жақсы стартап жоба дайындап, қайтадан кәсіп бастадым. Ол кәсіпке келуім де қызық...

Менің шамалы «стормос» сыныпта досым бар. Сол бір қызды ұнатып қалса керек. «Вконтакте» дүркіреп тұрған кезі. Маған «Сен приколыды күшті айтасың ғой, менің атымнан бір қызбен танысып берші» деген өтінішін жерге тастамай, миссияны бастап кеттім. Күндіз-түні телефоннан түспей онлайн әңгіме айтып, ақыры қызды көндірдім. Екеуі мектепте амандаспақ түгілі көздеріне тіке қарай алмайды, бірақ «онлайн қыз бен жігіт» болды. Кейін оны естіген сыныптағы балалардан өтініш көптеп түсе бастады. Басында көмектесіп жүрдім де кейін әр танысқан қызға 1000 теңгеден алатын болдым.

«Твои родители случайно не в шоколадной фабрике работают? – Нет, а

Басталды деген аты болмаса бітуі тез еді бұл таныстықтың. «Звонили с небес, сказали, что у них убежал самый очаровательный ангел, но я тебя не слдал», «Твои родители не пекари? Тогда откуда у них такая крошка?» деген әңгімелерді жіберіп отырсам әлгі қыз «Дәурен, это ты?» демесі бар ма?

Мен қасқа ол қызбен бұрын да сөйлескен екенмін. Бірақ өз атыман емес, жұмыс бабымен Дәурен деген досымның атынан. Екеуі ақырында жақсы дос болған еді. Алайда мен қанша жерден Дәурен еместігімді дәлелдегім келсе де «банға» кеттім. Қыз да, бизнес те жоқ. Сол оқиғадан кейін қызбен танысатын барлық идея таусылып, өзім де тежегіші тартып тұратындардың қатарына ендім. Бизнеске де, махаббатқа да жүрек дауаламай қойды. Соған қарағанда мүмкін ме «Имидж исчерпан»...



Бетті дайындаған Аслан НУРАЗГАЛИ Суреттер ашық дереккөзден алынды

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынабасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.011178 нөмірімен сертифицирталған. Апталығы 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдарына пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенимгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 3716 Тапсырыс №1425 Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ